

SONY®

4-485-800-13(1) (KZ)

Blu-ray Disc™/ DVD Home Theatre System

Пайдалану нұсқаулары

ЕСКЕРТУ

Құрылғыны кітап сәресі немесе қабырға шкафы секілді шектеулі орынға қоймаңыз.

Өрт қаупін азайту үшін құрылғының жел кіретін тесігін газетпен, үстел жапқышпен, пердемен, т.б. жаппаңыз. Құрылғыны жанып тұрған отқа (мысалы, жанып тұрған шыраққа) тигізбеңіз.

Өрт шығу немесе ток соғу қаупін азайту үшін бұл құрылғыға су тамшыламауы не шашырамауы керек, сондай-ақ ваза сияқты сұйықтық толы заттарды құрылғыға қоюға болмайды.

Батареяларды немесе батареялар салынған құрылғыларды күннің көзі және от сияқты ыстықта ұстамаңыз. Жарақаттану жағдайлары орын алмауы үшін құрылғы орнату нұсқауларына сәйкес еденге/қабырғаға берік бекітілуі керек.

Тек іште қолдануға арналған.

Бұл жабдықтың ЭМУ директивасында белгіленген шектеулерге сәйкестігі 3 метрден қысқа қосылым кабелімен тексеріліп анықталды (тек еуропалық модельдерде).

Электр қуаты көздері бойынша ақпарат

- Өзі өшіп тұрса да, айнымалы ток розеткасына қосылған құрылғы электр желісінен ажыратылмаған болады.
- Құрылғыны электр желісінен ажырату үшін штепсель қолданылатындықтан, құрылғыны қол оңай жететін айнымалы ток розеткасына жалғаңыз. Құрылғыда ақау байқалса, штепсельді айнымалы ток розеткасынан дереу ажыратыңыз.

АБАЙЛАҢЫЗ

Оптикалық құралдарды осы өніммен бірге пайдалану көзге қауіп төндіреді. Бұл Blu-ray Disc/DVD Home Theatre System ойнатқышында пайдаланылатын лазер сәулесі көзге зиянды болғандықтан, құрылғының корпусын бөлшектемеңіз. Тек білікті мамандарға көрсетіп жөндетіңіз.

CAUTION	CLASS 3R VISIBLE AND INVISIBLE LASER RADIATION WHEN OPEN, AVOID DIRECT EYE EXPOSURE.
VORSICHT	KLASSE 3R SICHTBARE UND UNSICHTBARE LASERSTRAHLUNG WENN GEDÖFFNET. UNMITTELBAREN AUGENKONTAKT VERMEIDEN.
ADVARSEL	SYNLIG OG USYNLIG LASERSTRÅLING AF KLASSE 3R VED ÅBNING. UNDGÅ AT SE DIREKTE PÅ STRÅLEN.
ADVARSEL	SYNLIG OG USYNLIG LASERSTRÅLING I KLASSE 3R NÅR DEKSEL ÅPNEES. UNNGÅ DIREKTE EKSPOSERING AV ØYENNE.
VARNING	KLASS 3R SYNLIG OCH OSYNLIG LASERSTRÅLNING NÄR DENNA DEL ÄR ÖPPNAD. UNDVIK ATT DIREKT EXPONERA ÖGONEN FÖR STRÅLNINGEN.
VARO!	AVATTUNA LUOKAN 3R NÄKYYVÄÄ JA NÄKYMÄTÖNTÄ LASERSÄTELYÄ. VÄLTÄ KATSEEN SUOJAA ALITESTÄMISTÄ.
警告	打开所有罩盖可见和不可见激光辐射, 避免眼睛受到直射的照射
注意	打開時有罩蓋類可視及不可視雷射輻射, 避免眼睛直接暴露。

Бұл құрылғының диск оқу блогы 3R класты лазер өнімі деп жіктеледі. Көзге көрінетін және көрінбейтін лазер сәулеленуі лазерден қорғайтын қабат ашылғанда шығарылады, сондықтан тікелей көзге түсуіне жол бермеңіз. Бұл белгі негізгі блоктың сыртында, төменгі жағында орналасқан.

Еуропа мен Ресейдегі клиенттер үшін

CLASS 1 LASER PRODUCT
LASER KLASSE 1
LUOKAN 1 LASERLAITE
KLASS 1 LASERAPPARAT

Бұл құрылғы 1-ші класты лазер өнімі деп жіктеледі. Бұл белгі негізгі блоктың сыртында, төменгі жағында орналасқан.

Негізгі блок пен көлемді дыбыс күшейткіші үшін

Зауыттық таңба тақтайшасы өнімнің сыртында, төменгі жағында орналасқан.

Ұсынылған кабельдер

Басты компьютерлерге және/немесе перифериялық құрылғыларға қосылу үшін дұрыс қорғалған және жерге қосылған кабельдер мен коннекторлар қолданылуы керек.

Еуропадағы клиенттер үшін



Ескі электр және электрондық жабдықты қоқысқа тастау (бөлек жинау жүйелері бар Еуропалық Одақта және басқа да еуропалық елдерде қолданылады)

Өнімдегі, батареядағы немесе қаптамадағы бұл таңба өнім мен батареяға тұрмыстық қалдық ретінде қарауға болмайтынын білдіреді. Белгілі бір батареяларда бұл таңба химиялық таңбамен бірге пайдаланылуы мүмкін. Батарея құрамында 0,0005 %-дан артық сынап немесе 0,004%-дан асатын қорғасын бар болса, сынаптың (Hg) немесе қорғасынның (Pb) химиялық таңбалары қойылады. Бұл өнімдер мен батареяларды дұрыс жолмен тастау арқылы дұрыс тастамау кесірінен қоршаған орта мен адам денсаулығына тиетін жағымсыз әсерлердің алдын алуға болады. Материалдарды қайта өңдеу табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі.

Қауіпсіздік, жұмыс өнімділігі және деректер тұтастығы үшін өнімдерге батареяны үнемі қосып қою қажет етілген жағдайда, бұл батареяны тек білікті қызмет көрсетуші маман ауыстыруы керек. Батарея, электр және электрондық құралдар дұрыс қолданылуы үшін бұл өнімдерді

пайдаланылу мерзімі аяқталғаннан кейін электр және электрондық жабдықты қайта өңделуі үшін арнайы жинау орнына өткізіңіз. Барлық басқа батареялар үшін батареяны өнімнен қауіпсіз шығару жолдары туралы бөлімнен қараңыз. Қалдық батареяларды кәдеге жарату мақсатымен батареяны арнайы жинау орнына тастаңыз. Бұл өнімді немесе батареяны қайта өңдеу туралы толығырақ ақпарат алу үшін жергілікті қоғамдық мекемеге, тұрмыстық қалдық тастау қызметіне немесе өнім немесе батарея сатып алынған дүкенге хабарласыңыз.

Тұтынушыларға ескерту: төмендегі ақпарат ЕО директиваларын қолданатын елдерде ғана сатылатын жабдық үшін қолданылады.

Бұл өнім 1-7-1 Konan Minato-ku Tokyo, 108-0075, Жапония мекенжайы бойынша орналасқан Sony Corporation компаниясында немесе соның атынан жасалды. Еуропалық Одақ заңнамасына қарай өнімнің сәйкестігіне қатысты сұраулар мына өкілетті өкілдікке жіберілуі керек: Sony Deutschland GmbH, Hedelfinger Strasse 61, 70327 Stuttgart, Германия. Қызмет көрсету немесе кепілдік мәселелері бойынша бөлек қызмет көрсету немесе кепілдік құжаттарында берілген мекенжайларға хабарласыңыз.

Осы құжат арқылы Sony Corp. компаниясы BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL/BDV-N5200W/TA-SA700WR/TA-SA600WR/TA-SA500WR өнімдерінің 1999/5/EC директивасындағы маңызды талаптар мен басқа да тиісті шарттарға сәйкес екенін мәлімдейді. Мәліметтер үшін келесі URL мекенжайына кіріңіз: <http://www.compliance.sony.de/>



Бұл өнім төменде берілген елдерде қолдануға арналған.

AT, BE, BG, HR, CY, CZ, DK, EE, FI, FR, DE, EL, HU, IS, IE, IT, LV, LI, LT, LU, MT, NL, NO, PL, PT, RO, SK, SI, ES, SE, CH, GB

5,15 – 5,35 ГГц жолағы тек ішкі қолданыс үшін шектелген.

Бұл Blu-ray Disc/DVD Home Theatre System жүйесі дискілер немесе USB құрылғыларындағы дыбыс және бейне файлдарын ойнатуға, NFC мүмкіндігін қолдайтын смартфон, BLUETOOTH құрылғысынан және FM тюнерінен музыка таратуға арналған. Бұл жүйе желі арқылы тарату мен экран көшірмесін көрсету мүмкіндіктеріне де қолдау көрсетеді.

3D бейне кескіндерін көрген кезде

Кейбір адамдар 3D бейне кескіндерін көріп отырғанда қандай да бір қолайсыздықты (мысалы, көздің талуы, шаршауы немесе жүрек айнуы) сезінуі мүмкін. Sony 3D бейне кескіндерінің көрермендеріне тұрақты түрде үзіліс жасап тұру кеңесін береді. Қажетті үзілістердің ұзақтығы мен жиілігі адамға байланысты әр түрлі болады. Ең дұрысын шешіп алуыңыз керек. Егер қолайсыздықты сезінсеңіз, қолайсыздық кеткенше 3D бейне кескіндерін көруді тоқтату керек; қажетті екеніне сенімді болсаңыз, дәрігермен ақылдасыңыз. Сондай-ақ ең соңғы ақпаратты (i) пайдаланылып жатқан басқа құрылғының нұсқаулығынан және/не сақтық шаралар туралы хабарламасынан немесе осы өнімде ойнатылып жатқан Blu-ray Disc мазмұнынан және (ii) біздің веб-сайтымыздан* қарау керек. (<http://esupport.sony.com/>) соңғы

ақпарат үшін. Жас балалардың (әсіресе алты жасқа толмағандардың) көру қабілеті әлі даму үстінде болады. Балаларыңызға 3D бейне кескіндерін көруге рұқсат етпестен бұрын, дәрігерімен (мысалы, педиатр немесе окулист) ақылдасыңыз. Ересектер жоғарыда берілген ұсыныстарды орындауы үшін балаларын қадағалауы керек.

Көшірмеден қорғау

- Blu-ray Disc және DVD құралында пайдаланылатын қосымша мазмұн қорғау жүйелері туралы ақыл-кеңес алыңыз. AACС (мазмұнға қосымша өту жүйесі) және CSS (мазмұн шифрлау жүйесі) деп аталатын бұл жүйелерде ойнатуға, аналогтік шығысқа және басқа ұқсас мүмкіндіктерге қатысты біраз шектеулер болуы мүмкін. Бұл өнімнің жұмысы және қойылған шектеулер сатып алынған күнге байланысты әр түрлі болуы мүмкін, себебі AACС басқару тақтасы сатып алынған уақыттан кейін шектеулерін қабылдауы не өзгертуі мүмкін.
- Cinavia туралы мәлімет
Бұл өнім кейбір коммерциялық жолмен жасалған фильмнің және олардың тректерінің рұқсатсыз көшірмелерінің пайдаланылуын шектеу үшін Cinavia технологиясын пайдаланады. Рұқсатсыз көшірменің тыйым салынған пайдалануы анықталғанда, хабар пайда болады және ойнату пен көшіру тоқтатылады. Cinavia технологиясы туралы қосымша ақпарат <http://www.cinavia.com> сайтының Cinavia онлайндық тұтынушыларының ақпараттық орталығында берілген. Cinavia туралы қосымша ақпаратты электрондық поштамен сұрау үшін мына мекенжайға ашық хат жіберіңіз: Cinavia Consumer Information Center, P.O. Box 86851, San Diego, CA, 92138, USA.

Авторлық құқықтар және сауда белгілері

- Бұл жүйе Dolby* Digital, Pro Logic Surround және DTS** Digital Surround System жүйелерін біріктіреді.
 - * Dolby Laboratories берген лицензия бойынша жасалған. Dolby, Pro Logic және қос D таңбасы — Dolby Laboratories сауда белгілері.
 - ** DTS патенттерін мына жерден қараңыз:
<http://patents.dts.com>. DTS Licensing Limited берген лицензия бойынша жасалған. DTS, DTS-HD, таңбасы, DTS және таңбасының қосылымы — DTS, Inc. © DTS, Inc. тіркелген сауда белгілері. Барлық құқықтары қорғалған.
- Бұл жүйеде High-Definition Multimedia Interface (HDMI™) технологиясы да қолданылған.
HDMI, High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі — HDMI Licensing LLC ұйымының сауда белгілері немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгілері.
- Java — Oracle және/немесе оның филиалдарының сауда белгісі.
- DVD Logo — DVD Format/Logo Licensing Corporation компаниясының сауда белгісі.
- «Blu-ray Disc», «Blu-ray 3D», «BD-LIVE», «BONUSVIEW» және логотиптер - Blu-ray Disc Association сауда белгілері.
- «Blu-ray Disc», «DVD+RW», «DVD-RW», «DVD+R», «DVD-R», «DVD VIDEO» және «CD» логотиптері сауда белгілері болып табылады.
- «Super Audio CD» — сауда белгісі.
- App Store — Apple Inc. компаниясының қызмет көрсету белгісі.
- «BRAVIA» — Sony Corporation сауда белгісі.
- «AVCHD 3D/Progressive» және «AVCHD 3D/Progressive» логотипі — Panasonic және Sony Corporation сауда белгілері.

- «XMB» және «cross media bar» — Sony Corporation және Sony Computer Entertainment Inc. компанияларының сауда белгілері.
- «PlayStation» — Sony Computer Entertainment Inc. тіркелген сауда белгісі.
- «Sony Entertainment Network» логотипі және «Sony Entertainment Network» — Sony Corporation компаниясының сауда белгілері.
- Gracenote® тарапынан берілетін музыка мен бейне тану технологиясы және қатысты деректер. Gracenote музыка мен бейне тану технологиясы және соған қатысты деректердегі өндіріс стандарты. Қосымша ақпаратты www.gracenote.com веб-сайтынан қараңыз.
CD, DVD, Blu-ray Disc, Gracenote ұйымынан берілген музыка мен бейнеге қатысты деректер, авторлық құқық © 2000 қазірге дейін. Gracenote бағдарламалық құралы, авторлық құқық © 2000 қазірге дейін Gracenote. Gracenote иелігіндегі бір не одан көп патент осы өнім мен қызметке қолданылады. Gracenote веб-сайтынан қолданыстағы Gracenote патенттерінің үлкен тізімін қараңыз. Gracenote, CDDB, MusicID, Gracenote логотипі және «Powered by Gracenote» логотипі — Gracenote, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және/немесе басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі немесе сауда белгісі.



- Wi-Fi®, Wi-Fi Protected Access® және Wi-Fi Alliance® — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері.

- Wi-Fi CERTIFIED™, WPA™, WPA2™, Wi-Fi Protected Setup™, Miracast™ және Wi-Fi CERTIFIED Miracast™ — Wi-Fi Alliance компаниясының тіркелген сауда белгілері.
- N белгісі — NFC Forum, Inc. корпорациясының сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттары мен басқа елдердегі тіркелген сауда белгісі.
- Android™ — Google Inc. корпорациясының сауда белгісі.
- Google Play™ — Google Inc. корпорациясының сауда белгісі.
- «Xperia» - Sony Mobile Communications AB компаниясының сауда белгісі.
- Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және ол белгілерді Sony Corporation лицензия бойынша қолданады. Басқа сауда белгілері мен атаулары тиісті иелеріне тиесілі.
- MPEG Layer-3 дыбыс кодтау технологиясы мен патенттеріне Fraunhofer IIS және Thomson компанияларынан лицензия берілген.
- Бұл өнім Verance корпорациясы берген лицензия бойынша меншік технологиясын біріктіреді және АҚШ-тың 7369677 патенті және басқа АҚШ және әлемдік шығарылған және аяқталмаған патенттер, сонымен бірге осындай технологияның белгілі бір тұстары үшін авторлық құқықтар мен сауда құпиясын қорғау бойынша қорғалады. Cinavia — Verance корпорациясының сауда белгісі. Copyright 2004-2010 Verance Corporation. Барлық құқықтары Verance тарапынан қорғалған. Көрі құрастыруға немесе бөлшектеуге тыйым салынады.
- Windows Media — Microsoft корпорациясының тіркелген сауда белгісі немесе Америка Құрама Штаттарындағы және/не басқа елдердегі сауда белгісі.

Бұл өнім Microsoft Corporation арнайы интеллектуалдық меншік құқықтарына қатысты технологиясы арқылы қорғалады. Ондай технологияны Microsoft немесе өкілетті Microsoft еншілес компаниясы берген лицензиясыз бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға тыйым салынады.

Мазмұн иелері зияткерлік меншік, оның ішінде авторлық құқығы бар мазмұнды қорғау үшін Microsoft PlayReady™ мазмұнға өту технологиясын пайдаланады. Бұл құрылғы PlayReady арқылы қорғалған мазмұнға және/не WMDRM арқылы қорғалған мазмұнға өту үшін PlayReady технологиясын пайдаланады. Егер құрылғы мазмұн пайдалануға шектеулерді дұрыс енгізе алмаса, мазмұн иелері Microsoft корпорациясының құрылғының PlayReady бойынша қорғалған мазмұнын қолдану мүмкіндігінен бас тартуын талап етуі мүмкін. Бас тарту қорғалмаған мазмұнға немесе басқа мазмұнға өту технологияларымен қорғалған мазмұнға әсер етпеуі керек. Мазмұн иелері мазмұнға өту үшін PlayReady жаңартуды талап етуі мүмкін. Егер жаңартудан бас тартсаңыз, жаңартуды қажет ететін мазмұнға өте алмай қаласыз.

- DLNA™, DLNA логотипі және DLNA CERTIFIED™ — Digital Living Network Alliance ұйымының сауда белгілері, қызметтік белгілері немесе сертификаттау белгілері.
- Opera® Devices SDK — Opera Software ASA компаниясына тиесілі. Copyright 1995-2013 Opera Software ASA. Барлық құқықтары қорғалған.

O POWERED
BY OPERA®

- Басқа барлық сауда белгілері — тиісті иелерінің сауда белгілері.
- Басқа жүйе және өнім атаулары негізінен өндірушілердің сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері болып табылады. ™ және ® белгілері бұл құжатта көрсетілмеген.

Соңғы пайдаланушы лицензиясы туралы ақпарат

Gracenote® соңғы пайдаланушысы туралы лицензиялық келісім

Бұл қолданба немесе құрылғы Калифорнияның Эмеривилл қаласындағы Gracenote, Inc. корпорациясы («Gracenote») берген бағдарламалық құралды қамтиды. Gracenote ұсынатын бағдарламалық құрал («Gracenote бағдарламалық құралы») бұл қолданбаға дискіні және/не файлды анықтауға және музыкаға қатысты ақпаратты, оның ішінде атауы, орындаушы, трек және тақырып туралы ақпаратты («Gracenote деректері») онлайндық серверлерден немесе ендірілген дерекқорлардан (бірге «Gracenote серверлері») алуға және басқа функцияларды орындауға мүмкіндік береді. Сіз Gracenote деректерін осы қолданбаның немесе құрылғының соңғы пайдаланушыға арналған функцияларымен пайдалануға құқылысыз. Сіз Gracenote деректерін, Gracenote бағдарламалық құралын және Gracenote серверлерін тек жеке коммерциялық емес мақсатқа пайдалануға келісесіз. Сіз Gracenote бағдарламалық құралын немесе Gracenote деректерін тағайындамауға, көшірмеуге бермеуге немесе үшінші тарапқа бермеуге келісесіз.

СІЗ ОСЫ ҚҰЖАТТА НАҚТЫ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДАН БАСҚА КЕЗДЕ GRACENOTE ДЕРЕКТЕРІН, GRACENOTE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН НЕМЕСЕ GRACENOTE СЕРВЕРЛЕРІН ПАЙДАЛАНБАУҒА НЕМЕСЕ ҚОЛДАНБАУҒА КЕЛІСЕСІЗ.

Бұл шектеулер бұзылған жағдайда сіз Gracenote деректерін, Gracenote бағдарламалық құралын және Gracenote серверлерін пайдалану туралы ерекше емес лицензияның тоқтатылуына келісесіз. Егер лицензиясыз тоқтатылса, сіз Gracenote деректерінің, Gracenote бағдарламалық құралының және Gracenote серверлерінің кез келген және толығымен пайдаланылуын тоқтатуға келісесіз. Gracenote корпорациясы Gracenote деректеріне, Gracenote бағдарламалық құралына және Gracenote серверлеріне қатысты барлық құқықты, оның ішінде барлық меншік құқығын өзінде қалдырады. Ешқандай жағдайда Gracenote сіз беретін ақпарат үшін сізге ақы төлеуге жауапты болмайды. Сіз Gracenote, Inc. корпорациясының осы Келісім бойынша сізге қатысты құқықтарын тікелей өз атынан күшінде сақтай алатынына келісесіз. Gracenote қызметі статистикалық мақсаттар үшін сұрауларды қадағалауға бірегей анықтауышты пайдаланады. Еркін тағайындалған сандық анықтауыштың мақсаты Gracenote қызметіне сіз туралы ештеңе білмей-ақ сұрауларды санауға мүмкіндік беру болып табылады. Қосымша ақпарат алу үшін Gracenote қызметіне арналған Gracenote құпиялық саясатына арналған веб-бетті қараңыз.

Gracenote бағдарламалық құралы және Gracenote деректерінің кез келген тармағы үшін «AS IS» лицензия беріледі. Gracenote корпорациясы Gracenote серверлерінен алынған кез келген Gracenote деректерінің дұрыстығына қатысты нақты немесе құқықтық негіздегі мәлімдеме жасамайды немесе кепілдік бермейді. Gracenote корпорациясы Gracenote серверлерінен алынған деректерді жою немесе Gracenote жеткіліксіз болып қалатын себеппен дерек санаттарын өзгерту құқығын өзінде қалдырады. Gracenote бағдарламалық құралында немесе Gracenote серверлерінде қате болмайтынына немесе Gracenote бағдарламалық құралының не Gracenote серверлерінің жұмысы тоқтап қалатынына кепілдік берілмейді. Gracenote корпорациясы Gracenote келешекте қамтамасыз етуі мүмкін жаңа жетілдірілген немесе қосымша деректермен не санаттармен қамтамасыз етуге міндетті емес және қызметтерін кез келген уақытта тоқтатуға құқылы.

GRACENOTE БАРЛЫҚ НАҚТЫ НЕМЕСЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕРІНЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ШЕКТЕЛМЕСТЕН, САТУҒА ЖАРАМДЫЛЫҚ, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА, ТАҚЫРЫПҚА ЖАРАМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢ БҰЗБАУШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕРДЕН БАС ТАРТАДЫ. GRACENOTE КОРПОРАЦИЯСЫ GRACENOTE БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰРАЛЫН НЕМЕСЕ GRACENOTE СЕРВЕРІН СІЗДІҢ ПАЙДАЛАНУЫҢЫЗДАН ТУЫНДАҒАН НӘТИЖЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРМЕЙДІ. ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ БОЛМАСЫН, GRACENOTE КОРПОРАЦИЯСЫ СЕБЕПТІ НЕ КЕЗДЕЙСОҚ ЗАҚЫМДАР НЕМЕСЕ ЖОҒАЛҒАН ПАЙДА НЕ КІРІС ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАРТПАЙДЫ.

© Gracenote, Inc. 2013

Осы пайдалану нұсқаулары туралы

- Бұл пайдалану нұсқауларындағы нұсқаулар қашықтан басқару құралындағы басқару элементтеріне сипаттама береді. Сондай-ақ, қашықтан басқару құралындағыдай бірдей немесе ұқсас атаулары болса, негізгі құрылғыдағы басқару тармақтарын қолдануға болады.
- Мәтін немесе суреттер арқылы басқаша көрсетілмесе, осы нұсқаулықта «диск» сөзі BD, DVD, Super Audio CD немесе CD үшін жалпы сөз ретінде алынатын болады.
- Бұл нұсқаулықтағы нұсқаулар BDV-N9200W, BDV-N9200WL, BDV-N7200W, BDV-N7200WL және BDV-N5200W өнімдеріне арналған. Суреттерде BDV-N9200WL үлгісі көрсетілген. Операциядағы кез келген ерекшелік мәтінде анық көрсетілген (мысалы, «тек BDV-N9200WL»).
- Кейбір суреттер мағыналы сызбалар ретінде берілгендіктен, нақты өнімдерден ерекшеленуі мүмкін.
- Теледидар экранында көрсетілетін тармақтар аумаққа байланысты ерекшеленуі мүмкін.
- Өдепкі параметрдің асты сызылған.

Мазмұны

Осы пайдалану нұсқаулары	
туралы	8
Жинақ құрамы	11
Бөлшектер мен басқару	
элементтері туралы	
нұсқаулық	14
Іске кірісу	
1-қадам: Динамиктерді	
орнату	20
2-қадам: Жүйені жалғау	20
Динамиктерді қосу	21
Теледидарды жалғау	22
Басқа құрылғы жалғау	23
Антеннаны (жер үсті)	
жалғау	25
3-қадам: Желіге қосылуға	
дайындау	25
4-қадам: Сымсыз жүйені	
орнату	27
5-қадам: Оңай орнату	
функциясын қолдану	28
6-қадам: ойнату көзін	
таңдау	29
7-қадам: Көлемді	
дыбысты қолдану	30
Ойнату	
Диск ойнату	32
USB құрылғысынан ойнату	34
BLUETOOTH құрылғысынан	
музыка тыңдау	35
Экранды көшіріп көрсету	
функциясын қолдану	37
Бір рет түрту функциясы	
(NFC) арқылы қашықтағы	
құрылғыға қосылу	38
«SongPal» функциясын	
пайдалану	40
Желі арқылы ойнату	41
Қолжетімді опциялар	43
Дыбысты реттеу	
Аудио пішімін, көптілді	
тректерді немесе	
арнаны таңдау	46
Мультимплекс хабарлау	
дыбысын қолдану	46
Тюнер	
Радио тыңдау	47
Радио деректер жүйесін	
(РДЖ) қабылдау	48

Басқа операциялар

«BRAVIA» Sync үшін HDMI басқару құралы функциясын қолдану	49
Сәйкес динамик параметрлерін автоматты түрде калибрлеу	50
Динамиктерді орнату	51
Ұйқы таймері функциясын қолдану	53
Негізгі құрылғыдағы түймелерді өшіру	53
Жарықтықты өзгерту	54
ТД экранындағы визуализацияны тамашалау	54
Динамик жарығын қолдану	55
Күту режимінде қуатты үнемдеу	55
Веб-сайттарды шолу	56
Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері	57

Параметрлер және

реттеулер

Орнату дисплейін пайдалану	60
[Software Update] (Бағдарламалық құралды жаңарту)	61
[Screen Settings] (Экран параметрлері)	61
[Audio Settings] (Аудио параметрлері)	64
[BD/DVD Viewing Settings] (BD/DVD көру параметрлері)	65

[Parental Control Settings] (Ата-аналық бақылау параметрлері)	66
[Music Settings] (Музыка параметрлері)	67
[System Settings] (Жүйе параметрлері)	67
[External Input Settings] (Сыртқы кіріс параметрлері)	69
[Network Settings] (Желілік параметрлер)	69
[Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер)	70
[Resetting] (Қалпына келтіру)	70

Қосымша ақпарат

Сақтық шаралар	71
Дискілер туралы ескертулер	74
Ақауларды жою	74
Ойнатылатын дискілер	82
Ойнатылатын файл түрлері ...	83
Қолдау көрсетілетін дыбыс пішімдері	84
Сипаттамалары	85
Тілдер кодының тізімі	88
Алфавиттік индекс	90

Жинақ құрамы


- Пайдалану нұсқаулары (тек Океания, Африка, Үндістан, Таяу Шығыс, Сингапур, Қытай, Тайланд, Тайвань және Ресей модельдерінде)
- Жылдам орнату нұсқаулығы
- Динамик орнату нұсқаулығы
- Сілтемелік нұсқаулық (тек еуропалық модельдерде)
- Қашықтан басқару құралы (1)
- R03 (AAA өлшемді) батареялары (2)
- FM сым антеннасы (жер үсті) (1)




немесе




- Калибрлеу микрофоны (1)
(тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/
BDV-N7200W/BDV-N7200WL
модельдерінде)



- Жоғары жылдамдықты HDMI кабелі
(тек Океания, Африка, Үндістан,
Таяу Шығыс, Сингапур, Қытай,
Тайланд, Тайвань модельдерінде)



- Көлемді дыбыс күшейткіші (1)



Тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL


- Алдыңғы динамиктер (2), көлемді дыбыс динамиктері (2)
(тек BDV-N9200W)




(тек BDV-N9200WL)




- Ортаңғы динамик (1)



- Сабвуфер (1)
(тек BDV-N9200W)



(тек BDV-N9200WL)



- Динамик сымдары
 - (5, қызыл/ақ/сұр/көк/жасыл) (тек BDV-N9200W)
 - (1, жасыл) (тек BDV-N9200WL)



- Негіздер (4)



- Алдыңғы және көлемді дыбыс динамиктерінің төменгі бөліктері (4)



- Бұрандалар (үлкен) (4)



- Бұрандалар (кіші) (12)



Тек BDV-N7200W/BDV-N7200WL

- Артқы динамиктер (2), көлемді дыбыс динамиктері (2)


(тек BDV-N7200W)



(тек BDV-N7200WL)




- Ортаңғы динамик (1)




- Сабвуфер (1)

(тек BDV-N7200W)



(тек BDV-N7200WL)



- Динамик сымдары
 - (5, қызыл/ақ/сұр/көк/жасыл)
(тек BDV-N7200W)
 - (1, жасыл) (тек BDV-N7200WL)



- Тұғырлар (алдыңғы және көлемді дыбыс динамиктері үшін) (4)



- Бұрандалар (8)



Тек BDV-N5200W


- Алдыңғы динамиктер (2)




- Көлемді дыбыс динамиктері (2)



- Ортаңғы динамик (1)



- Сабвуфер (1)




Бөлшектер мен басқару элементтері туралы нұсқаулық

Қосымша ақпаратты дөңгелек жақша ішінде көрсетілген беттерден қараңыз.

Негізгі құрылғы

Жоғарғы және алдыңғы тақта



1 **I/⏻ (қосулы/күту режимі)**

Негізгі құрылғыны қосады немесе күту режиміне қояды.

2 **Диск қақпағы (32-бет)**

3 **Жоғарғы тақта дисплейі**

4 **N (N белгісі) (38-бет)**

NFC функциясын қосу үшін NFC мүмкіндігін қолдайтын құрылғыны индикатордың жанына қойыңыз.

5 **Жарық диоды**

Ақ: негізгі құрылғы қосылғанда жанады.

Көк (BLUETOOTH күйі үшін):

- жүйе жұптасуға дайын: тез жыпықтайды
- жұптасу барысында: тез жыпықтайды
- NFC құрылғысы табылды: жыпықтайды
- байланыс орнатылды: жанады

**6 Сенсорлық түймелер/
индикаторлар**

▶* (ойнату)

■* (тоқтату)

◀◀/▶▶ (алдыңғы/келесі)

VOL +/-

FUNCTION (29-бет)

Ойнату көзін таңдайды.

* Негізгі құрылғыдағы ▶ түймесін 2 секундтан артық басып тұрсаңыз, жүйеге жазылған дыбыстық көрсетілім ойнатылады.

USB құрылғысы жалғанса, ондағы дыбыстық мазмұн дыбыстық көрсетілім ретінде ойнатылады. Көрсетілімді тоқтату үшін ■ түймесін түртіңіз.

Ескертпе

Көрсетілім кезінде дыбыс деңгейі орнатылған шамадан жоғары болуы мүмкін.

7 USB порт (34-бет)

Қақпақты ашу үшін саусағыңызды ашық ұяға салыңыз.

8 (қашықтан басқару құралының сенсоры)

9 ▲ (ашу/жабу)

**Сенсорлық түймелер/
индикаторлар туралы ақпарат**

Сенсорлық түймелердің индикаторлары негізгі құрылғы қосылған сайын жыпылықтайды, тоқтағанша күтіңіз. Бұл түймелер индикаторлар жанып тұрғанда ғана істейді.

Ескертпе

- Бұл түймелер аздап түрткенде іске қосылады. Оларды қатты баспаңыз.
- Түйме істемесе, жіберіп, бірнеше секунд күте тұрыңыз. Содан кейін индикаторын саусақпен толық жауып, түймені қайта түртіңіз.


Жоғарғы тақтасы дисплейіндегі индикаторлар



* Кең жолақты цифрлық мазмұнды қорғау

** DISPLAY түймесін басқанда, функция «TV» күйіне орнатылған болса, ағын туралы ақпарат/қайта кодтау күйі көрсетіледі. Кодталып жатқан ағынға немесе элементке байланысты ағын туралы ақпарат/қайта кодтау күйі көрсетілмеуі мүмкін.


Артқы тақта



- | | |
|--|--|
| <p>1 SPEAKER ILLUMINATION ұялары (тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL) (21-бет)</p> <p>2 TV (DIGITAL IN OPTICAL) ұясы (22-бет, 23-бет)</p> <p>3 A.CAL MIC ұясы (тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL) (28-бет, 50-бет)</p> | <p>4 AUDIO IN (L/R) ұялары (22-бет, 23-бет)</p> <p>5 ANTENNA (FM COAXIAL 75 Ω) ұясы (25-бет)</p> <p>6 HDMI (OUT) ұясы (22-бет)</p> <p>7 HDMI (IN 1/IN 2) ұялары (23-бет)</p> <p>8 LAN (100) терминалы (25-бет)</p> <p>9 SPEAKERS ұялары (21-бет)</p> |
|--|--|


Көлемді дыбыс күшейткіші

Алдыңғы тақта




- 1** I/O (қосу/күту режимі)
- 2** LINK/STANDBY индикатор (27-бет)
Негізгі құрылғы мен көлемді дыбыс күшейткіші арасындағы сымсыз тасымал күйін тексеруге болады.
- 3** SPEAKERS ұялары

Артқы тақта



- 4** SPEAKER ILLUMINATION терминалдары (тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL) (21-бет)
- 5** SECURE LINK түймесі (58-бет)
Қауіпсіз байланыс арнасы функциясы іске қосылады.

Қашықтан басқару құралы



- **AUDIO**, **▶** және **◀** түймелерінің қолға сезілетін нүктелері бар. Қашықтан басқару құралын қолданғанда, қолға сезілетін нүктені белгі ретінде пайдаланыңыз.
- **TV** : ТД операциялары үшін (Мәліметтерді «Қашықтан басқару құралын теледидарды басқаруға дайындау» (19-бет) бөлімінен қараңыз.)

1 ▲ (ашу/жабу)

Диск қақпағын ашады немесе жабады.

SPEAKERS TV↔AUDIO

ТД дыбысы жүйе және теледидар динамиктерінен шығады. Бұл функция [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) параметрін [On] (Қосулы) күйіне орнатқанда ғана істейді (67-бет).

ТД I/О (қосулы/күту режимі) (19-бет) **TV**

Теледидарды қосады немесе күту режиміне қояды.

I/О (қосулы/күту режимі) (28-бет)

Жүйені қосады немесе күту режиміне қояды.

2 **SPEAKER ILLUMINATION (55-бет)**

Динамиктерде жанатын өрнектерді таңдайды.

COLOUR PATTERN (54-бет)

VISUALIZER (54-бет)

Визуализация өрнегін таңдайды.

DIMMER (54-бет)

Жоғарғы тақта дисплейінің жарықтығын, сенсорлық түймелердің индикаторларын, жарық диодын және динамиктердегі жарықты* реттейді.

**тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL

3 **Дыбыс өрісінің түймелері**

«7-қадам: Көлемді дыбысты қолдану» (30-бет) бөлімін қараңыз.

CLEARAUDIO+, SOUND FIELD, MUSIC EQ, GAME, NIGHT, CONCERT HALL, FOOTBALL, CINEMA STUDIO, MUSIC ARENA

4 **Түрлі түсті түймелер**

Кейбір BD мәзірлеріндегі элементтерді таңдауға арналған тез өту пернелері (BD ойнатқыштарындағы Java интерактивті операцияларында да қолданыла алады).

5 TOP MENU

BD немесе DVD бас мәзірін ашады не жабады.

POP UP/MENU

BD-ROM қалқымалы мәзірін немесе DVD мәзірін ашады не жабады.

OPTIONS (30-бет, 43-бет, 57-бет)

Теледидар экранында немесе жоғарғы тақта дисплейінде опциялар мәзірін көрсетеді. (Орнату әдісі таңдалған функцияға байланысты ерекшеленеді.)

RETURN

Алдыңғы дисплейге қайтады.



Бөлектеуді көрсетілген элементке ауыстырады.

Кеңес

▲/▼ - музыкалық компакт дискісін ойнатқанда тректі іздеудің жылдам ету пернелері.

+ (енгізу)

Таңдалған тармақты енгізеді.

6 MIRRORING (37-бет, 40-бет)

«SCR M» функциясын таңдайды.

BLUETOOTH (35-бет)

«BT» функциясын таңдайды.

HOME (29-бет, 51-бет, 60-бет)

Жүйенің басты мәзіріне кіреді немесе шығады.

SEN

«Sony Entertainment Network™» онлайн қызметіне өтеді.

FUNCTION (29-бет)

Ойнату көзін таңдайды. [Input Skip Setting] (Кірісті елемей параметрі) (69-бет) параметрін орнату арқылы функцияны таңдаған кезде пайдаланылмайтын кіріс көздерін өткізіп жіберуге болады.

7 DISPLAY (34-бет, 41-бет, 48-бет, 56-бет)

Теледидар экранынан ойнату және интернетте шолу туралы ақпаратты көрсетеді.

Жоғарғы тақта дисплейінде алдын ала орнатылған радиостанцияны, жиілікті, т.б. көрсетеді.

SLEEP (53-бет)

Ұйқы таймерін орнатады.

AUDIO (46-бет)

Аудио пішімін/тректі таңдайды.

SUBTITLE

BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көп тілді субтитрлер жазылғанда, субтитр тілін таңдайды.

3D

3D мүмкіндігін қолдайтын құрылғыға жалғанғанда 2D мазмұнын жасанды 3D мазмұнына түрлендіреді.

8 Ойнату операциясы түймелері

«Ойнату» (32-бет) бөлімін қараңыз.

◀◀/▶▶ (жылдам/баяу/стоп-кадр)

Ойнату кезінде жылдам артқа/алға айналдырады. Түймені басқан сайын іздеу жылдамдығы өзгереді.

Тоқтап тұрған кезде бір секундтан аса басып тұрғанда баяу ойнатуды белсендіреді.

Тоқтап тұрған кезде кішкене ғана басқанда бір кадрдан ойнатады.

Ескертпе

Blu-ray 3D Disc ойнату кезінде баяу артқа және бір кадр артқа ойнату қолжетімді болмайды.

◀◀/▶▶ (алдыңғы/келесі)

Алдыңғы/келесі тарауды, тректі немесе файлды таңдайды.

► (ойнату)

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады (ойнатуды жалғастыру).

Жүйе іске қосылып, «BD/DVD» функциясы істеп тұрғанда, «Бір рет түртіп ойнату» мүмкіндігін (49-бет) қосады.

II (тоқтата тұру)

Ойнатуды тоқтата тұрады немесе қайта қосады.

■ (тоқтату)

Ойнатуды тоқтатып, тоқтау нүктесін (жалғастыру нүктесі) еске сақтап қалады. Тақырыптың/тректің жалғастыру нүктесі ойнатылған соңғы нүкте немесе фотосурет қалтасындағы соңғы фотосурет болып табылады. Орнатылған немесе USB құрылғысындағы дыбыстық көрсетілімді тоқтатады.

Радио әрекет түймелері


«Тюнер» (47-бет) бөлімін қараңыз.

TUNING +/-

PRESET +/-

9 (дыбысты өшіру)

Дыбысты уақытша өшіреді.

 (дыбыс деңгейі) +/-

Дыбыс деңгейін реттейді.

TV  (дыбыс деңгейі)

+/- 

Теледидардың дыбыс деңгейін реттейді.

TV  (кіріс) 


ТД кіріс көзі мен басқа кіріс көздерін ауыстырып қосады.


Қашықтан басқару құралын теледидарды басқаруға дайындау

Қашықтан басқару құралы сигналын реттеу арқылы жинақтағы қашықтан басқару құралымен теледидарды басқаруға болады.

Ескертпе

Қашықтан басқару құралының батареяларын ауыстырғанда, код нөмірі әдепкі (SONY) параметріне қайтарылады. Қашықтан басқару құралының параметрін қайта орнатыңыз.

1 Теледидардың  түймесін басып тұрыңыз.

2 Теледидарыңыздың тиісті түймесін (төмендегі кестені қараңыз), содан кейін  түймесін басыңыз.




Өндіруші	Түйме
SONY (әдепкі)	CLEARAUDIO+
LG	MUSIC EQ
PANASONIC	GAME
PHILIPS	NIGHT, CINEMA STUDIO, MUSIC ARENA
SAMSUNG	SOUND FIELD, MUSIC EQ, MUSIC ARENA
SHARP	CONCERT HALL
TOSHIBA	FOOTBALL

Ескертпе

Теледидардағы өндіруші кодтары жоғарыдағы кестеде берілген түймелерге тіркелген. Дұрыс орнатылмаса, ағымда тіркелген код өзгермейді. Тиісті түймені қайта басыңыз.

Тізімде бірнеше түйме берілсе, теледидарыңызда істейтінін тапқанша бір-бірден басып шығыңыз.

3 TV  түймесін жіберіңіз.

Теледидарды басқару үшін енді TV , TV  +/- және TV  түймелерін қолдана беруіңізге болады.


Іске кірісу

1-қадам: Динамиктерді орнату


Динамиктерді төменде берілген суреттегідей орналастырыңыз. Динамиктерді жинау үшін берілген «Динамикті орнату нұсқаулығын» қараңыз.

- Ⓐ Алдыңғы сол жақ динамик (L)
- Ⓑ Алдыңғы оң жақ динамик (R)
- Ⓒ Ортаңғы динамик
- Ⓓ Көлемді сол жақ динамик (L)
- Ⓔ Көлемді оң жақ динамик (R)
- Ⓕ Сабвуфер
- Ⓖ ТД

Көлемді динамиктерді артқы орында орнату (Динамик пішімі: [Standard] (Стандартты))



Барлық динамиктерді алдыңғы орында орнату (Динамик пішімі: [All Front] (Барлығы алдыңғы))



Ескертпе

- Динамиктер пішімінің параметрін динамиктердің орнына сәйкес таңдауды ұмытпаңыз (51-бет).
- Динамиктерді және динамик стендтерді арнайы өңделген беттерге (балауызбен, маймен немесе жылтыратылған, т.б.) орналастыру кезінде абай болыңыз, себебі беттің боялуына немесе түссізденуіне әкелуі мүмкін.
- Динамик үстінен еңкеймеңіз немесе иілмеңіз, ол құлауы мүмкін.
- Осы жүйенің динамиктері магнитті қорғалмаған. Олар CRT ТД немесе проектордың жанына қойылғанда, түс тұрақсыздығын тудыруы мүмкін.

Кеңес

- [All Front] (Барлығы алдыңғы) параметрі таңдалғанда тиімділеу дыбыс шығару үшін алдыңғы динамиктер мен көлемді дыбыс динамиктерін бір-біріне жақын қойған жөн.
- Динамиктерді қабырғаға орнатуға болады. Мәліметтерді берілген «Speaker Installation Guide» ішінен қараңыз.

2-қадам: Жүйені жалғау

Басқа байланыстарды орнатып болмайынша, негізгі құрылғының айнаымалы ток сымын (электр сымы) қабырға розеткасына қоспаңыз.


Ескертпе

Дыбыс басқару құралына басқа жабдықты жалғағанда, жабдықтың дыбысын бұрмаланбайтын деңгейге дейін төмендетіңіз.


Динамиктерді қосу

Динамик сымдарын негізгі құрылғы мен көлемді дыбыс күшейткішіндегі SPEAKERS ұяларының түсіне сәйкес жалғаңыз. Динамиктің қосқышын сырт еткенше кіргізіңіз.

Негізгі құрылғыға




Көлемді дыбыс күшейткішіне




SPEAKER ILLUMINATION терминалын қосу (тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL)

Динамиктердегі жарықтандыру өсерін тамашалау үшін динамик жарығының коннекторын (динамик сымымен тағылған) негізгі құрылғы мен көлемді дыбыс күшейткішіне жалғаңыз. SPEAKER ILLUMINATION түймесін қайталап басу арқылы жарықтандыру өрнегін таңдауға болады (55-бет).

Негізгі құрылғыға




Көлемді дыбыс күшейткішіне







Теледидарды жалғау

Теледидардағы кіріс ұяларына сәйкес төмендегі жалғау әдістерінің бірін таңдаңыз.



Бейне қосу

A  HDMI кабелі¹⁾ (тек Африка, Үндістан, Таяу Шығыс, Сингапур, Қытай, Тайланд және Тайвань модельдерімен беріледі)





  **HDMI IN (ARC)²⁾** немесе **HDMI IN** 





¹⁾ Жоғары жылдамдықты HDMI кабелі

²⁾ **Аудио қайтару арнасы (Audio Return Channel - ARC) функциясы** теледидарға төмендегі **B** немесе **C** байланысын орнатпай-ақ, дыбысты HDMI байланысы бар жүйе арқылы шығару мүмкіндігін береді. Бұл жүйеде ARC функциясын орнату үшін [Audio Return Channel] (Аудионы қайтару арнасы) (67-бет) бөлімін қараңыз. Теледидардағы ARC функциясының үйлесімдігі туралы мәліметті теледидармен бірге берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Аудио байланыстар

Теледидардың HDMI ұясы ARC функциясымен үйлесімді болмаса, теледидар дыбысын жүйенің динамиктері арқылы тыңдау үшін тиісті аудио байланысын (**B** немесе **C**) орнатыңыз.

B  **TV DIGITAL IN OPTICAL**  Оптикалық сандық сым (жинақта берілмеген) **Жоғары сапа**  **DIGITAL OUT OPTICAL** 


C  **AUDIO IN**  Аудио кабелі (жинақта берілмеген) **Стандартты сапа**  **L** **R** **AUDIO OUTPUT** 

Ескертпе

Теледидар дыбысын есту үшін **В** байланысы үшін «TV», ал **С** байланысы үшін «AUDIO» функциясын таңдаңыз.


Басқа құрылғы жалғау


Жүйені, теледидарды және басқа жабдықты төмендегідей жалғаңыз. Жүйе өшіп немесе күту режимінде тұрғанда, бұл жүйе арқылы теледидардан жалғанған құрылғының дыбысы мен бейнесі шықпайды.



* Бұл байланыс **А** байланысы үшін қажет емес (HDMI байланысы).

Жабдықтағы ұя түріне сәйкес төмендегі жалғау әдістерінің бірін таңдаңыз.





A байланысын орнатқанда

Бұл байланыс бейне және аудио сигналдарының екеуін де тасымалдай алады.

Ескертпе

- HDMI (IN 1/2) ұяларынан бейне сигналдары «HDMI1» немесе «HDMI2» функциясы таңдалғанда HDMI (OUT) ұясына шығады.
- Аудио сигналын HDMI (IN 1/2) ұяларынан HDMI (OUT) ұясына шығару үшін аудио шығыс параметрін өзгерту керек болуы мүмкін. Мәліметтерді [Audio Settings] (Аудио параметрлері) ішіндегі [Audio Output] (Аудио шығысы) (64-бет) бөлімінен қараңыз.
- HDMI (IN 1) ұясы мен TV (DIGITAL IN OPTICAL) ұясына қосылған жабдықтың аудио кірісін өзгертуге болады. Мәліметтерді [HDMI Settings] (HDMI параметрлері) ішіндегі [HDMI1 Audio Input mode] (HDMI 1 аудио кіріс режимі) (67-бет) бөлімінен қараңыз (тек еуропалық модельдерде).

B, C байланысын орнатқанда


Жүйеден және басқа жабдықтан бейне сигналдарын теледидарға шығару үшін жүйені жалғаңыз, сонда жабдықтағы аудио сигналдары жүйеден шығады.

Ескертпе

- Жоғарыда берілген байланыстардың біреуі орнатылса, [System Settings] (Жүйе параметрлері) мәзірінің [HDMI Settings] (HDMI параметрлері) ішіндегі [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) параметрін [Off] (Өшірулі) (67-бет) мәніне орнатыңыз.
- Жабдықтың дыбысын есту үшін **B** байланысы үшін «TV», ал **C** байланысы үшін «AUDIO» функциясын таңдаңыз.

Антеннаны (жер үсті) жалғау

Негізгі құрылғының артқы жағы



Ескертпе

- FM сым антеннасын (жер үсті) толықтай тартылғанын тексеріңіз.
- FM сым антеннасын (жер үсті) жалғағаннан кейін, оны мүмкіндігінше көлденең ұстаңыз.

Кеңес

FM сигналы нашар болса, негізгі құрылғыны сыртқы FM антеннасына (жер үсті) қосу үшін 75 Омдық коаксиалдық кабельді (өніммен бірге берілмейді) пайдаланыңыз.


3-қадам: Желіге қосылуға дайындау

Кеңес

Жүйені желіге қосу үшін [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) функциясын орындаңыз. Мәліметтерді «5-қадам: Оңай орнату функциясын қолдану» (28-бет) бөлімінен қараңыз.

LAN (жергілікті аумақ желісі) ортасына негізделген әдісті таңдаңыз.

- Сымсыз LAN қолданылса Жүйе Wi-Fi мүмкіндігі бар, желі параметрлерін орнату арқылы жүйені желіге қосуға болады.
- Сымды LAN қолданылса Негізгі құрылғыдағы LAN (100) терминалына LAN кабелін жалғаңыз.



Кеңес

Қорғалған және тұзу интерфейстік кабельді (LAN кабелі) пайдаланған жөн.

Желі параметрлерін орнату алдында

Сымсыз LAN маршрутизаторында (кіру нүктесі) Wi-Fi Protected Setup (WPS) мүмкіндігіне қолдау көрсетілсе, желі параметрлерін WPS нүктесімен оңай орнатуға болады.

Қолдау көрсетілмесе, келесі ақпаратты алдын ала тексеріп, оны төменде берілген орынға жазыңыз.

- Желіні белгілейтін оның атауы (SSID**).
- Сымсыз желі қорғалған жағдайда, қауіпсіздік кілті (WEP кілті, WPA кілті)**.

-
- * SSID (Service Set Identifier - қызмет құрылғысының идентификаторы) арнайы сымсыз желіні анықтайтын атау болып табылады.
 - ** SSID және қауіпсіздік кілті туралы ақпарат алу үшін сымсыз LAN маршрутизаторының параметрлерін өзгерту керек. Мәліметтер үшін:
 - төмендегі веб-сайтты қараңыз:
 - Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
<http://support.sony-europe.com/>
 - Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>
 - сымсыз LAN берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз
 - сымсыз LAN маршрутизаторының өндірушісімен кеңесіңіз

Сымсыз LAN қауіпсіздігі туралы ақпарат

Сымсыз LAN функциясы арқылы байланыс радио толқындармен орнатылғандықтан, сымсыз сигнал қабылдануға бейім болуы мүмкін. Сымсыз байланысты қорғау үшін бұл жүйе әр түрлі қауіпсіздік функцияларын қолданады. Желіңіздің ортасына сәйкес қауіпсіздік параметрлерін дұрыстап конфигурациялаңыз.

■ Қауіпсіздік жоқ

Параметрлерді оңай орната алғаныңызбен, әркім құрделі құралдарсыз сымсыз байланысқа кедергі келтіре немесе сымсыз желіге кіре алады. Деректерге рұқсатсыз кіру немесе кедергі келтіру қаупі бар екенін есіңізде ұстаңыз.

■ WEP

WEP бөтен адамдардың байланысқа кедергі келтіруіне немесе сымсыз желіге кіруіне жол бермеу үшін байланыстарға қауіпсіздік қолданады. WEP - TKIP/AES қолданбайтын ескілеу құрылғылардың қосылуына мүмкіндік беретін бұрынғы қауіпсіздік технологиясы.

■ WPA-PSK (TKIP), WPA2-PSK (TKIP)

TKIP — WEP кемшіліктерін түзетуге жауап ретінде әзірленген қауіпсіздік технологиясы. TKIP технологиясы WEP жоғары қауіпсіздік деңгейімен қамтамасыз етеді.

■ WPA-PSK (AES), WPA2-PSK (AES)

AES — WEP және TKIP технологияларынан ерекшеленетін жетілдірілген қауіпсіздік әдісін пайдаланатын қауіпсіздік технологиясы. AES технологиясы WEP немесе TKIP жоғары қауіпсіздік деңгейімен қамтамасыз етеді.


4-қадам: Сымсыз жүйені орнату

Негізгі құрылғы дыбысты көлемді динамиктерге қосылған көлемді күшейткішке тасымалдайды. Сымсыз тасымалды іске қосу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1 Негізгі құрылғының айнымалы ток сымын (электр сымы) қосыңыз.


Айнымалы ток сымын жалғамас бұрын «2-қадам: Жүйені жалғау» (20-бет) бөлімінде берілген барлық байланыстардың орнатылғанын тексеріңіз.

2 Жүйені қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз.



3 Көлемді дыбыс күшейткішінің айнымалы ток сымын (электр сымы) жалғаңыз.

LINK/STANDBY индикаторы



Сымсыз тасымалдау белсендірілген кезде LINK/STANDBY индикаторы жасыл түске ауысады.

LINK/STANDBY индикаторы қосылмаса, «Сымсыз дыбыс» (78-бет) бөлімін қараңыз.

LINK/STANDBY индикаторы туралы ақпарат

LINK/STANDBY индикаторы сымсыз тасымал күйін төмендегідей көрсетеді.

Жасылға ауысады

Жүйе қосылып тұр, сымсыз тасымал іске қосылған, көлемді дыбыс сигналдары қабылдануда.

Қызғылт сарыға ауысады

Жүйе қосылып тұр, сымсыз тасымал Қауіпсіз байланыс арнасы функциясы арқылы іске қосылған, көлемді дыбыс сигналдары қабылдануда.

Жасыл не қызғылт сары түспен баяу жыпықтайды

Сымсыз тасымал ажыратылады.

Қызылға ауысады

Жүйе күте режимінде тұрса немесе сымсыз тасымал ажыратылған болса, көлемді дыбыс күшейткіші күту режимінде тұрады.

Сөнеді

Көлемді дыбыс күшейткіші өшірілген.

Қызыл түспен жыпықтайды

Көлемді дыбыс күшейткішінің қорғанысы қосылған.

Күту режимі туралы ақпарат

Негізгі құрылғы күту режимінде тұрса немесе сымсыз тасымал ажыратылса, көлемді дыбыс күшейткіші күту режиміне ауысады.

Негізгі құрылғы қосылғанда және сымсыз тасымал іске қосылғанда, көлемді дыбыс күшейткіші де автоматты түрде қосылады.


Сымсыз байланысты көрсету

Бірнеше сымсыз өнімдерді өзіңіз қолдансаңыз немесе көршілеріңіз қолданса, кедергі орын алуы мүмкін. Бұның алдын алу үшін негізгі құрылғыны көлемді күшейткішке байланыстыратын сымсыз байланысты көрсетуге болады (қауіпсіз байланыс арнасы). Мәліметтерді «Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері» (57-бет) бөлімінен қараңыз.

5-қадам: Оңай орнату функциясын қолдану

Жүйеде негізгі реттеулерді орындау және желі параметрлерін орнату үшін төмендегі қадамдарды қолданыңыз. Көрсетілетін тармақтар аумаққа байланысты өзгереді.

- R03 (AAA) батареяларын (жинақта берілген) батарея бөлігіндегі белгілерге батареялардың ⊕ және ⊖ жақтарына сәйкес келтіріп салыңыз.**




- Теледидарды қосыңыз.**

- Калибрлеу микрофонын артқы жақтағы A.CAL MIC ұясына жалғаңыз. (тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL)**


Үштаған, т.б. (жинақта берілмеген) көмегімен калибрлеу микрофонын құлақ деңгейінде орнатыңыз. Теледидар экранында калибрлеу микрофоны көрсетілуі керек. Әр динамиктің алдыңғы жағы калибрлеу микрофонына қарау керек, динамиктер мен калибрлеу микрофоны арасында кедергі болмау керек.

- Жүйені қосу үшін I/⏻ түймесін басыңыз.**

- Жүйеден сигналдың теледидар экранынан көрсетілуі үшін теледидарда кіріс көзін таңдау құралын ауыстырып қосыңыз. [Easy Initial Settings] (Бастапқы оңай параметрлер) OSD үшін тіл таңдау пайда болады.**



- [Easy Initial Settings] (Бастапқы оңай параметрлер) функциясын орындаңыз. Экрандағы нұсқауларға сәйкес ⬅/➡/⬆/⬇ және ⊕ көмегімен негізгі параметрлерді орнатыңыз.**









[Auto Calibration] (Авто калибрлеу) туралы мәліметтерді «Сәйкес динамик параметрлерін автоматты түрде калибрлеу» (50-бет) бөлімінен қараңыз. (тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL)

- [Easy Initial Settings] (Бастапқы оңай параметрлер) орнатылғаннан кейін, ⬆/⬇ түймесімен [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) тармағын таңдап, ⊕ түймесін басыңыз. [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) дисплей пайда болады.**

8 Экрандағы нұсқауларға сәйкес және көмегімен желі параметрлерін орнатыңыз.

Жүйе желіге қосылмаса, «Желіге қосылу» (80-бет) немесе «Сымсыз LAN байланысы» (80-бет) бөлімін қараңыз.

[Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) дисплейін шақыру

- 1 HOME түймесін басыңыз.
Теледидар экранында бастапқы мәзір пайда болады.
- 2   түймесімен  [Setup] (Орнату) параметрін таңдаңыз.
- 3   түймесімен [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) тармағын таңдап,  түймесін басыңыз.

6-қадам: ойнату көзін таңдау

FUNCTION түймесін қайтара баса беріңіз.


FUNCTION түймесін басқанда, жоғарғы тақта дисплейінде ағымдағы функция көрсетіледі, содан кейін FUNCTION түймесін басқан сайын, функция төмендегі циклге сәйкес өзгереді.

«BD/DVD» → «USB» → «FM» →
«HDMI1» → «HDMI2» → «TV» →
«SCR M» → «BT» → «AUDIO»

«BD/DVD»

Жүйеде ойнатылатын диск немесе желі құрылғысы

«USB»

 Портқа (USB) жалғанған USB құрылғысы (14-бет)

«FM»

FM радиосы (47-бет)

«HDMI1»/«HDMI2»

HDMI (IN 1) немесе HDMI (IN 2) ұясына жалғанған жабдық (23-бет)

«TV»

TV (DIGITAL IN OPTICAL) ұясына жалғанған құрылғы (ТД, т.б.) немесе HDMI (OUT) ұясына жалғанған аудио қайтару арнасы функциясын қолдайтын ТД (22-бет, 23-бет)

«SCR M»

[Screen mirroring] (Экранды көшіріп көрсету)

Экранды көшіріп көрсету функциясы бар құрылғы (37-бет, 40-бет)

«BT»




[Bluetooth AUDIO]

A2DP профилі бар BLUETOOTH құрылғысы

«AUDIO»

AUDIO IN (L/R) ұяларына жалғанған жабдық (22-бет, 23-бет)

Кеңес

- Кейбір функцияларды ТД экраны арқылы FUNCTION,   және  түймесін басып өзгертуге болады.
- «BT» және «SCR M» функциясын қашықтан басқару құралында сәйкесінше BLUETOOTH және MIRRORING түймесін басып таңдауға да болады.

7-қадам: Көлемді дыбысты қолдану

Алдыңғы қадамдарды орындап, ойнатуды бастаған соң, әртүрлі дыбыс көздері үшін әзірленген алдын ала бағдарламаланған дыбыс өрістерін оңай қолдануға болады. Олар тамаша және күшті дыбысты шығара алады.

Ескертпе

[Sound Effect] (Дыбыс әсері) параметрі [Sound Field On] (Дыбыс өрісі қосулы) (65-бет) күйіне орнатылған жағдайда ғана дыбыс өрісі таңдалады. [Sound Effect] (Дыбыс әсері) параметрі [Sound Field On] (Дыбыс өрісі қосулы) күйінен басқасына орнатылған болса, дыбыс өрісі параметрі қолданылмайды.

Дыбыс өрісін таңдау

Ойнату кезінде SOUND FIELD түймесін қайтара баса беріңіз. Тиісті дыбыс өрісін CLEARAUDIO+, GAME және NIGHT түймелері арқылы да таңдауға болады.

ClearAudio+

Дыбысты Sony ұсынған дыбыс өрісімен тамашалауға болады. Дыбыс өрісі ойнатылатын мазмұн мен функцияға сәйкес автоматты түрде оңтайландырылады.

- 2 арналы көз: жүйе 5.1 арналы динамик шығысын қайта жасайды.
- Көп арналы көз: жүйе динамиктерден дыбысты жазылған қалпында шығарады.

Фильм

Жүйе фильмдерді көру үшін оңтайландырылған дыбысты шығарады.

Музыка

Жүйе музыка тыңдау үшін оңтайландырылған дыбысты шығарады.

Цифрлық музыка кеңейткіші [Digital Music] (Цифрлық музыка)

Бұл - қысу процесінен кейін жоғары жиілік ауқымының дыбысын қалпына келтіру арқылы қысылған аудио файлдарының дыбыстық сапасын жақсартуға арналған Sony технологиясы.

Ойын

Жүйе бейне ойындарын ойнау үшін оңтайландырылған дыбысты шығарады.

Түн

Диалогты анық ете отырып, қатты дыбыстарды азайтатындықтан, фильмдерді түнде қарау үшін қолайлы.

Кеңес

- Көп арналы шығыс CD дискісі сияқты 2 арналы дерек көзі үшін [ClearAudio+] функциясын таңдаған жөн.
- Дыбыс өрісі [ClearAudio+] күйіне орнатылып, Берлин филармониясының интернет мазмұны ойнатылса, [Philharmonic Hall] (Филармония залы) режимі (31-бет) автоматты түрде таңдалады (тек қызмет ұсынылған аумақтарда).
- Динамик пішімі [All Front] (Барлығы алдыңғы) күйіне орнатылып, көп арналы дерек ойнатылғанда, виртуалды көлемді дыбысты тамашалау үшін [ClearAudio+], [Movie] (Фильм), [Game] (Ойын) немесе [Night] (Түн) функцияларын таңдаңыз.

Опциялар мәзірінен дыбыс өрісін таңдау

- 1 OPTIONS және \updownarrow түймесімен [Sound Field] (Дыбыс өрісі) тармағын таңдап, \oplus түймесін басыңыз.
- 2 \updownarrow түймесін басып дыбыс өрісін таңдаңыз да, \oplus түймесін басыңыз.

Алдын ала бағдарламаланған музыка эквалайзерін таңдау

Ойнату кезінде MUSIC EQ түймесін бірнеше рет басыңыз. Қалауыңыз бойынша дыбыс таңдауға болады.

Түймені басқан сайын параметр төмендегі циклге сәйкес өзгереді.

[Standard] (Стандартты) → [Rock] (Рок) → [Hip-hop] (Хип-хоп) → [Electronica] (Электроника)

Музыка эквалайзерін опциялар мәзірінен де таңдауға болады. Жоғарыдағы 1 және 2-қадамды орындаңыз. 2-қадамда [Music] (Музыка) тармағын таңдаңыз. Содан кейін \updownarrow және \pm түймесімен параметрді таңдаңыз.

Күрделі дыбыс өрісін таңдау

Төмендегі дыбыс өрістерінің біреуін таңдау арқылы үйде кинотеатрлар мен концерт залдарында болатын күшті дыбысты шығаруға болады.

CONCERT HALL түймесімен [Philharmonic Hall : On] (Филармония залы: қосулы) параметрін таңдаңыз.

Жүйе Берлин филармония залының дыбыстық сипаттарын жаңғыртады. Бұл режим жоғары ажыратымдылық дыбысын шығара алады.

CINEMA STUDIO түймесімен [Cinema Studio 9.1ch : On] (9.1 арналы киностудия: қосулы) параметрін таңдаңыз.

Бұл жүйе кино шығаратын студияның дыбыстық сипаттарын жаңғыртады. Бұл параметр негізгі дыбысты тік құрамдас бөлігі қолданылатын 9.1 арнасына дейін кеңейтіп, ішінде болу және тереңдік әсерін береді.

MUSIC ARENA түймесімен [Music Arena : On] (Музыкалық сахна: қосулы) параметрін таңдаңыз. Sony компаниясының бірегей Audio DSP технологиясы арқылы әзірленген зор әсерге толы жанды музыкалық концертті тамашалауға болады. (Цифрлық музыка сахнасы)

Опциялар мәзірінен күрделі дыбыс өрісін таңдау

1 \updownarrow түймесімен [Cinema Studio 9.1ch] (9.1 арналы киностудия), [Music Arena] (Музыкалық сахна) немесе [Philharmonic Hall] (Филармония залы) параметрін таңдап, \pm түймесін басыңыз.

2 \updownarrow түймесімен [On] (Қосулы) параметрін таңдап, \pm түймесін басыңыз.

Ескертпе

Төмендегі әрекеттерді орындағанда, күрделі дыбыс өрістері автоматты түрде [Off] (Өшірулі) күйіне ауысады, яғни:
– жүйе өшірілгенде;
– кез келген дыбыс өрісі түймесі басылғанда (17-бет).

Футбол режимін таңдау

Футбол матчын көріп отырғанда, **FOOTBALL** түймесін қайтара баса беріңіз.

Футбол матчын көргенде, стадионда отырғандай сезінесіз.

- [Football : Narration On] (Футбол: комментатор қосулы): Стадиондағы жанкүйерлер дауысын шығару арқылы дәл футбол стадионында отырғандай сезімге бөленуге болады.
- [Football : Narration Off] (Футбол: комментатор өшірулі): Жанкүйерлердің дауысын шығарумен бірге, комментатор даусын азайтса, футбол стадионында болу сезімі күшейе түседі.
- [Football Off] (Футбол өшірулі): Футбол режимі өшірілген.

Ескертпе

- Футбол матчын көргенде, футбол режимін таңдаған жөн.
- [Football : Narration Off] (Футбол: комментатор өшірулі) режимінде оғаш дыбыстар естілетін болса, [Football : Narration On] (Футбол: комментатор қосулы) режиміне ауысқан жөн.
- Төмендегі әрекеттерді орындағанда, футбол режимі автоматты түрде [Football Off] (Футбол өшірулі) күйіне ауысады, яғни:
 - жүйені өшіргенде;
 - кез келген дыбыс өрісі түймесін басқанда (17-бет).
- Бұл мүмкіндік монофоникалық дыбысқа қолдау көрсетпейді.

Кеңес

- Футбол режимін опциялар мәзірінен де таңдауға болады.
- 5.1 арнасының аудио ағыны қол жетімді болса, оны теледидарда немесе приставкасында таңдау ұсынылады.

Ойнату

Диск ойнату

Ойнатылатын дискілер туралы «Ойнатылатын дискілер» (82-бет) бөлімінен қараңыз.

- 1** Жүйеден сигналдың теледидар экранынан көрсетілуі үшін теледидарда кіріс көзін таңдау құралын ауыстырып қосыңыз.
- 2** ▲ түймесін басып, дискіні диск бөліміне ол басылғанша қойыңыз.



- 3** Диск қақпағын жабу үшін ▲ түймесін басыңыз.

Ойнатыла бастайды. Ойнату автоматты түрде басталмаса, [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) немесе [Photo] (Фотосурет) санатынан параметрін тандап, + түймесін басыңыз.

BONUSVIEW/BD-LIVE қолдану

«BD-LIVE Logo*» бар кейбір BD-ROM дискілерінде үстеме мазмұн және тамашалау үшін жүктелетін басқа дерек болады.

* 

1 USB құрылғысын портқа (USB) жалғаңыз (34-бет).

Жергілікті сақтау құрылғысы үшін 1 Гбайт немесе одан үлкен USB жад көлемін пайдаланыңыз.



2 BD-LIVE үшін дайындаңыз (тек BD-LIVE).

- Жүйені желіге қосыңыз (25-бет).
- [BD Internet Connection] (BD интернет байланысы) параметрін [Allow] (Рұқсат ету) (66-бет) күйіне орнатыңыз.

3 BONUSVIEW/BD-LIVE бар BD-ROM дискісін салыңыз.

Жұмыс әдісі дискіге байланысты ерекшеленеді. Дискінің пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Кеңес

USB жадындағы деректерді жою үшін  [Video] (Бейне) мәзірі ішінен [Delete BD Data] (BD деректерін жою) параметрін таңдап,  түймесін басыңыз. Деректер қалтасында сақталатын барлық деректер жойылады.

Blu-ray 3D ойнатқышын пайдалану

3D logo* бар Blu-ray 3D дискілерін қолдануға болады.

* 

1 Blu-ray 3D дискісін ойнатуға дайындаңыз.

- Жоғары жылдамдықты HDMI кабелімен жүйені 3D мүмкіндігін қолдайтын теледидарға жалғаңыз (22-бет).
- [Screen Settings] (Экран параметрлері) ішіндегі [3D Output Setting] (3D кескінін шығару параметрі) және [TV Screen Size Setting for 3D] (3D үшін ТД экран өлшемін орнату) параметрлерін (61-бет) орнатыңыз.

2 Blu-ray 3D дискісін салыңыз.

Жұмыс әдісі дискіге байланысты ерекшеленеді. Дискімен берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.

Кеңес


3D мүмкіндігін қолдайтын теледидардың пайдалану нұсқауларын да қараңыз.

Ойнату туралы ақпаратты көрсету

Ойнату туралы ақпаратты, т.б. DISPLAY түймесін басу арқылы көруге болады.

Көрсетілетін ақпарат диск түрі мен жүйе күйіне байланысты ерекшеленеді.

Мысалы: BD-ROM ойнатылғанда



- 1 Шығыс ажыратымдылығы/Бейне жиілігі
- 2 Тақырып нөмірі не атауы
- 3 Қазір таңдалған дыбыстық параметр
- 4 Қолжетімді функциялар (👤 бұрышы, 🎧 аудиосы, 🗨️ субтитрі)
- 5 Ойнату туралы ақпарат Ойнату режимін, ойнату күйінің жолағын, диск түрін, бейне кодекті, биттік жылдамдықты, қайталау түрін, өткен уақытты және барлық ойнату уақытын көрсетеді.
- 6 Тарау нөмірі
- 7 Қазір таңдалған бұрыш


USB құрылғысынан ойнату

Қосылған USB құрылғысындағы бейне/музыка/фотосурет файлдарын ойнатуға болады.

Файлдардың ойнатылатын түрлерін «Ойнатылатын файл түрлері» (83-бет) бөлімінен қараңыз.

1 USB құрылғысын USB портқа (USB) жалғаңыз.

Жалғамай тұрып, USB құрылғысымен берілген пайдалану нұсқауларын қараңыз.



2 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында бастапқы мәзір пайда болады.

3 ⏪/⏩ түймесімен [Video] (Бейне), [Music] (Музыка) немесе [Photo] (Фотосурет) параметрін таңдаңыз.

4 ⏪/⏩ түймесімен [USB device] (USB құрылғысы) параметрін таңдап, [Enter] түймесін басыңыз.


Ескертпе

USB құрылғыны жұмыс кезінде шығармаңыз. USB құрылғысына арналған деректердің бүлінуіне немесе зақымдалуына жол бермеу үшін USB құрылғысын қосу немесе шығару алдында жүйені өшіріңіз.

BLUETOOTH құрылғысынан музыка тыңдау

BLUETOOTH сымсыз технологиясы туралы ақпарат

BLUETOOTH сымсыз технологиясы - цифрлық құрылғылар арасындағы сымсыз деректер байланысына мүмкіндік беретін қысқа ауқымды сымсыз технология. BLUETOOTH сымсыз технологиясы 10 метрдей ауқымда істейді.



Қолданылатын BLUETOOTH нұсқасы және профильдері

Профиль әртүрлі BLUETOOTH өнімінің мүмкіндіктеріне арналған мүмкіндіктер жиынтығы болып табылады.



Қолданылатын BLUETOOTH нұсқасы мен профильдері туралы мәліметті «BLUETOOTH бөлімі» (85-бет) ішінен қараңыз.

Ескертпе

- Құрылғы мен осы жүйе бір профильді қолданса да, BLUETOOTH құрылғысының техникалық сипаттарына байланысты функциялар әртүрлі болуы мүмкін.
- BLUETOOTH сымсыз технологиясының сипаттамаларына байланысты бұл жүйедегі аудио BLUETOOTH құрылғысына қарағанда кешігіп ойнатылуы мүмкін.

Жүйені BLUETOOTH құрылғысымен жұптастыру

Жұптастыру - BLUETOOTH құрылғыларының бір-бірінде алдын ала тіркелуі. Жұптасу бір рет жасалғаннан кейін, оны қайта орындаудың қажеті жоқ.

- 1 BLUETOOTH құрылғысын негізгі құрылғыдан 1 метр қашықтыққа орналастырыңыз.**
- 2 BLUETOOTH түймесін басыңыз.** Басты мәзірдегі  [Input] (Кіріс) ішінен  [Bluetooth AUDIO] (Bluetooth АУДИО) параметрін таңдауға да болады.
- 3 BLUETOOTH құрылғысын жұптасу режиміне қойыңыз.** BLUETOOTH құрылғысын жұптасу режиміне орнату туралы мәліметтерді құрылғымен берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- 4 Құрылғының дисплейінен жүйенің атауын (мысалы, «BDV-N9200W») таңдаңыз.** Бұл қадамды 5 минут ішінде орындамасаңыз, жұптасу орындалмайды.

Ескертпе

BLUETOOTH құрылғысында рұқсат кілті қажет болса, «0000» кодын енгізіңіз. Рұқсат кілті «рұқсат коды», «PIN коды», «PIN нөмірі» немесе «құпия сөз» деп аталуы мүмкін.

Кеңес

[System Settings] (Жүйе параметрлері) ішіндегі [Device Name] (Құрылғы атауы) параметрі арқылы құрылғыда көрсетілетін жүйе атауын өзгертуге болады (68-бет).

5 Жұптасу аяқталғанда, құрылғы автоматты түрде жүйеге жалғанады.

ТД экранында құрылғы атауы пайда болады.

Ескертпе

Ең көбі 9 BLUETOOTH құрылғысын жұптастыруға болады. 10-шы BLUETOOTH құрылғысы жұптасса, ең бірінші жалғанған құрылғы жаңасымен ауыстырылады.

6 BLUETOOTH құрылғысында мазмұнды ойната бастаңыз.

7 Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Алдымен BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, негізгі құрылғыдағы дыбыс деңгейін реттеңіз.

Жұптасу әрекетінен бас тарту

HOME немесе FUNCTION түймесін басыңыз.

Осы жүйеден BLUETOOTH құрылғысына қосылу

Осы негізгі құрылғыдан BLUETOOTH құрылғысына қосылуға болады. Музыка ойнату алдында келесіні тексеріңіз:

- BLUETOOTH құрылғысының BLUETOOTH функциясы қосылған.
- Жұптасу аяқталды (35-бет).

1 BLUETOOTH түймесін басыңыз.

Ескертпе

Соңғы жалғанған BLUETOOTH құрылғысына қосылу үшін ► түймесін басыңыз. Сосын 5-қадамға өтіңіз.

2 OPTIONS түймесін басыңыз.

3 «Device List» (Құрылғылар тізімі) параметрін таңдап, + түймесін басыңыз.

Жұптасқан BLUETOOTH құрылғыларының тізімі пайда болады.

4 ▲/▼ түймесін бірнеше рет басып қажетті құрылғыны таңдаңыз да, + түймесін басыңыз.

5 Ойнатуды бастау үшін ► түймесін басыңыз.

6 Дыбыс деңгейін реттеңіз.

Алдымен BLUETOOTH құрылғысының дыбыс деңгейін реттеңіз, дыбыс деңгейі әлі төмен болса, негізгі құрылғыдағы дыбыс деңгейін реттеңіз.

Ескертпе

- Негізгі құрылғы мен BLUETOOTH құрылғысы қосылғаннан кейін, ►, II, ■, ◀/▶ және ◀/▶/▶ түймелерінің көмегімен ойнатуды басқаруға болады.
- [External Input Settings] (Сыртқы кіріс параметрлері) ішіндегі [Bluetooth Power Setting] (Bluetooth қуаты параметрі) параметрін [On] (Қосулы) мәніне қойсаңыз (69-бет), жүйеге жұптасқан BLUETOOTH құрылғысынан «BT» функциясынан басқалары арқылы да қосылуға болады.

Кеңес

AAC аудио мазмұнының BLUETOOTH құрылғысынан алынуын қосып немесе өшіріп қоюға болады (69-бет).

BLUETOOTH құрылғысын ажырату

HOME, FUNCTION немесе RETURN түймесін басыңыз.

Жұптасқан BLUETOOTH құрылғысын құрылғылар тізімінен жою

- 1 Жоғарыдағы 1-3 қадамдарды орындаңыз.
- 2 ↕ түймесін бірнеше рет басып құрылғыны таңдаңыз да, OPTIONS түймесін басыңыз.
- 3 ↕ түймесін бірнеше рет басып [Remove] (Алып тастау) пәрменін таңдаңыз да, + түймесін басыңыз.
- 4 ↕ түймесін бірнеше рет басып [OK] опциясын таңдаңыз да, + түймесін басыңыз.

Экранды көшіріп көрсету функциясын қолдану

«Экранды көшіріп көрсету» - Miracast технологиясы арқылы ұялы құрылғының экранын теледидардан көрсетуге арналған функция. Негізгі құрылғыны тікелей «Экранды көшіріп көрсету» функциясын қолдайтын құрылғымен (мысалы: смартфон, планшет) қосуға болады. Құрылғы дисплейінің экранын теледидардың үлкен экранынан тамашалауға болады. Бұл функцияны қолдану үшін сымсыз байланыс маршрутизаторының (немесе кіру орнының) қажеті жоқ.

- 1 MIRRORING түймесін басыңыз.
- 2 Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыдан «Экранды көшіріп көрсету» функциясын іске қосыңыз. Функцияны қосу туралы мәліметтерді құрылғымен бірге берілген пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Ескертпе

- «Экранды көшіріп көрсету» функциясын пайдаланғанда, басқа желідегі кедергілер әсерінен бейне мен дыбыс кейде бұрмалануы мүмкін.
- Экранды көшіріп көрсету кезінде кейбір желі функциялары істемеуі мүмкін.
- Құрылғының Miracast технологиясымен үйлесімді екеніне көз жеткізіңіз. Miracast технологиясымен үйлесімді барлық құрылғылармен байланыс орнатылатынына кепілдік берілмейді.
- Қолдану ортасына байланысты бейне мен дыбыс сапасы нашарлауы мүмкін.

Кеңес


Бір рет түртіп көрсету (NFC) функциясының көмегімен сымсыз байланыс арқылы Xperia смартфонның экранын толықтай үлкен теледидар экранына шығаруға болады (40-бет).

Бір рет түрту функциясы (NFC) арқылы қашықтағы құрылғыға қосылу

«NFC» дегеніміз не?

NFC (Near Field Communication) - ұялы телефондар және IC тегтер сияқты әр түрлі құрылғылар арасында қысқа ауқымды сымсыз байланысқа мүмкіндік беретін технология. NFC функциясының көмегімен деректер байланысын құрылғыны

NFC мүмкіндігін қолдайтын құрылғылардағы  (N белгісі) жанына қою арқылы орнатуға болады.



Ескертпе

- Жүйе бір жолы NFC мүмкіндігін қолдайтын бір-ақ құрылғыны танып, оған қосылады.
- Қашықтағы құрылғыға қарай ондағы NFC функциясын алдын ала қосу қажет болуы мүмкін. Мәліметтерді қашықтағы құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- NFC функциясын пайдалану үшін [NFC] параметрін [On] (Қосулы) күйіне қою керек (67-бет).

Бір рет түртіп тыңдау функциясы (NFC) арқылы қашықтағы құрылғыға қосылу

NFC мүмкіндігін қолдайтын қашықтағы құрылғыны негізгі құрылғыдағы N белгісіне жақын ұстап тұрса, негізгі құрылғы мен қашықтағы құрылғы автоматты түрде жұптасып, BLUETOOTH байланысы орнатылады.

Үйлесімді қашықтағы құрылғылар

NFC функциясы орнатылған қашықтағы құрылғылар (АЖ: Android 3.x жүйесінен басқа Android 2.3.3 – 4.x.x)

1 «NFC Easy Connect» бағдарламасын жүктеп алып, орнатыңыз.

«NFC Easy Connect» - Google Play дүкенінен алынатын Android қашықтағы құрылғыларына арналған тегін бағдарлама. Сайтта «NFC Easy Connect» сөз тіркесін қолдану арқылы бағдарламаны іздеңіз немесе төмендегі екі өлшемді кодты оқу арқылы тікелей жүктеп алу сайтына кіріңіз.

«NFC Easy Connect» бағдарламасының тегін екенін, бірақ жүктеу кезінде деректер байланысы үшін бөлек алым алынатынын ескеріңіз.

Тікелей кіруге арналған екі өлшемді код*

* Екі өлшемді кодты оқитын қолданбаны пайдаланыңыз.



Ескертпе

Бағдарлама кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.

2 Қашықтағы құрылғыда «NFC Easy Connect» бағдарламасын іске қосыңыз.

Бағдарлама экраны көрсетілуі керек.

3 Қашықтағы құрылғыны негізгі құрылғыдағы N белгісіне ол дірілдегенше жақын (38-бет) ұстаңыз.

Діріл белгісі негізгі құрылғы қашықтағы құрылғыны танығанда беріледі. Қашықтағы құрылғыда көрсетілген экрандық нұсқауларды орындап, BLUETOOTH байланысын орнату процедурасын аяқтаңыз.

BLUETOOTH байланысы орнатылғанда, жоғарғы тақтадағы көк диод жыпылықтауын тоқтатады. Жоғарғы тақта дисплейінде ойнату уақыты көрсетіледі.

Ескертпе

Кейбір қашықтағы құрылғыларда бұл функция «NFC Easy Connect» бағдарламасын жүктемей-ақ істей беруі мүмкін. Ондай жағдайда, қашықтағы құрылғының жұмысы мен техникалық сипаттары осы нұсқаулықта берілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Кеңес

Жұптасу мен BLUETOOTH байланысы орнатылмаса, төмендегі әрекеттерді орындаңыз.

- «NFC Easy Connect» бағдарламасын қайта қосып, қашықтағы құрылғыны N белгісінің үстінен баяу жүргізіңіз.
- Қашықтағы құрылғыға бөлек сатып алынған қап кигізілген болса, оны шешіңіз.

Музыка тыңдау

Қашықтағы құрылғы аудио дерегін ойната бастаңыз. Ойнату операциялары туралы мәліметтерді қашықтағы құрылғының пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Кеңес

Дыбыс деңгейі төмен болса, алдымен қашықтағы құрылғының дыбыс деңгейін реттеңіз. Дыбыс деңгейі әлі тым төмен болса, негізгі құрылғыдағы дыбыс деңгейін реттеңіз.

Ойнатуды тоқтату

Ойнату төмендегі әрекеттердің кез келгенін орындағанда тоқтатылады, яғни:

- қашықтағы құрылғыны қайтадан негізгі құрылғыдағы N белгісіне жақын ұстағанда;
- қашықтағы құрылғының музыка ойнатқышын тоқтатқанда;
- негізгі құрылғыны немесе қашықтағы құрылғыны өшіргенде;
- функцияны өзгерткенде;
- қашықтағы құрылғыдағы BLUETOOTH функциясын ажыратқанда.

Бір рет түртіп көрсету функциясы (NFC) арқылы Xperia смартфонна қосылу

Бір рет түртіп көрсету функциясына (NFC) қолдау көрсететін Xperia смартфонның негізгі құрылғыдағы N белгісіне жақын ұстаса, сымсыз байланыс арқылы смартфонның экранын толықтай үлкен теледидар экранына шығаруға болады. Жақындарыңызбен және достарыңызбен бірге бейнелерді көруге немесе шолуға болады. Бұл функцияны қолдану үшін сымсыз байланыс маршрутизаторының (немесе кіру орнының) қажеті жоқ.

Үйлесімді Xperia смартфондары

Бір рет түртіп көрсету функциясы бар Xperia смартфондары

- 1 MIRRORING түймесін басыңыз.**
- 2 Xperia смартфонның негізгі құрылғыдағы N белгісіне ол дірілдегенше жақын (38-бет) ұстап тұрыңыз.**

Діріл белгісі негізгі құрылғы Xperia смартфонның танығанда беріледі. Негізгі құрылғы Xperia смартфонмен байланыс орнатады.
- 3 Байланыс орнатылғаннан кейін, теледидардың экранында Xperia смартфонның экраны шығады.**

Xperia смартфоны жүйеге тіркелді.

Экранды көшіріп көрсету функциясынан шығу

HOME, RETURN немесе FUNCTION түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Экранды көшіріп көрсету кезінде басқа желілерге кіру мүмкін емес.
- Басқа желідегі кедергілер әсерінен бейне мен дыбыс сапасы кейде нашарлауы мүмкін.

Кеңес

Экранды көшіріп көрсету кезінде қалау бойынша дыбыс өрісін таңдауға болады. Дыбыс өрісі түймелерін басыңыз (17-бет).



«SongPal» функциясын пайдалану

Google Play және App Store дүкендерінен жүйенің осы моделіне арналған бағдарламаны жүктеп алуға болады. «SongPal» дегенді іздеп, тегін бағдарламаны жүктеп алсаңыз, қолайлы функциялар туралы қосымша ақпарат аласыз. Easy Control бағдарламасы мен «SongPal» сымсыз байланыс операцияларына қолдау көрсетеді. Мынандай мүмкіндіктер береді:

- түрлі құрылғылар мен смартфондардың функцияларынан музыка/аудио мазмұнын таңдау;
- түрлі параметрлерді түйсікпен басқару;
- смартфонның дисплейімен музыканың көрнекі мүмкіндіктерін арттыру.

Ескертпе

Бұл функцияны пайдалану үшін бағдарламалық құралды жаңартыңыз (61-бет).

Желі арқылы ойнату

Sony Entertainment Network (SEN) желісін қолдану

Sony Entertainment Network желісі таңдалған интернет мазмұнын және әр түрлі талаптық көңіл көтеруді негізгі құрылғыға тікелей жеткізетін шлюз ретінде қолданылады.



Көңес

• Кейбір интернет мазмұны ойнатылардың алдында дербес компьютер арқылы тіркелуді қажет етеді. Қосымша мәліметтерді төмендегі веб-сайттан қараңыз:

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
<http://support.sony-europe.com/>


Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>







• Кейбір интернет мазмұны кейбір елдерде/аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін.

- 1 Sony Entertainment Network желісін дайындаңыз.**
Жүйені желіге қосыңыз (25-бет).
- 2 SEN түймесін басыңыз.**
- 3**  түймесімен Интернет мазмұнын және сұрау бойынша берілетін ойын-сауық деректерін таңдап,  түймесін басыңыз.

Бейне ағынын басқару тақтасы

Бейне файл ойнатыла бастағанда басқару тақтасы пайда болады. Көрсетілетін тармақтар интернет мазмұнының провайдеріне байланысты ерекшеленуі мүмкін. Қайта көрсету үшін DISPLAY түймесін басыңыз.



- 1** Көрсетуді басқару
Ойнату операциялары үшін  /  /  немесе  түймесін басыңыз.
- 2** Ойнату күйінің жолағы
Күй жолағы, ағымдағы орынды көрсететін меңзер, ойнату уақыты, бейне файлдың ұзақтығы
- 3** Желі күйінің индикаторы
 Сымсыз байланыс үшін сигнал күшін көрсетеді.
 Сымсыз байланысты көрсетеді.
- 4** Желілік жіберу жылдамдығы
- 5** Келесі бейне файлының атауы
- 6** Қазіргі таңдалған бейне файлының атауы

Бастапқы желіде файлдарды ойнату (DLNA)

Басқа DLNA сертификатталған жабдығындағы бейне/музыка/фотосурет файлдарын бастапқы желіге қосу арқылы ойнатуға болады.




Бұл негізгі құрылғы ойнатқыш және жеткізуші ретінде қолданылады.


- Сервер: Сандық медиа мазмұндарын сақтап бөліседі
- Ойнатқыш: DMS құрылғысынан сандық медиа мазмұнын тауып ойнатады
- Жеткізуші: Сервердегі файлдарды алады және ойнатады, басқа жабдық (реттегіш) басқаруы мүмкін
- Реттегіш: жеткізуші жабдықты басқарады

DLNA функциясын қолдануға дайындалыңыз.

- Жүйені желіге қосыңыз (25-бет).
- Басқа DLNA сертификатталған жабдығын дайындайды. Мәліметтерді жабдықтың пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

DLNA серверінде сақталатын файлдарды жүйе арқылы (DLNA ойнатқышы) ойнату

Бастапқы мәзірдегі  [Video] (Бейне),  [Music] (Музыка) немесе  [Photo] (Фотосурет) ішінен DLNA серверінің белгішесін, содан кейін ойнатылатын файлды таңдаңыз.



Қашықтан басқару файлдарды жүйені (жеткізуші) DLNA реттегіші арқылы қолдана отырып ойнату

DLNA серверінде сақталатын файлдарды ойнатқанда, жүйені DLNA сертификаты бар басқару құрылғысымен (ұялы телефон, т.б.) басқаруға болады.



Жұмыс туралы мәліметтерді DLNA реттегішінің пайдалану нұсқауларынан қараңыз.

Ескөртпе

Қашықтан басқару құралы және DLNA реттегішімен берілген жүйені бір уақытта қолданбаңыз.

Кеңес

Жүйе Windows 7 стандартына сай Windows Media® Player 12 құрылғысының «Құрылғыда ойнату» (Play To) функциясына қолдау көрсетеді.



Бейне/музыка туралы ақпаратты іздеу



Gracenote технологиясын қолдану арқылы мазмұн туралы ақпаратты алып, тиісті ақпаратты іздеуге болады.

1 Жүйені желіге қосыңыз (25-бет).

2 Іздегіңіз келетін мазмұны бар дискіні салыңыз.

BD-ROM немесе DVD-ROM ойнатқышынан бейне іздеуді және CD-DA (CD музыкасы) ойнатқышынан музыка іздеуді орындауға болады.

3  [Video] (Бейне) немесе  [Music] (Музыка) параметрін таңдаңыз.

4  [Video Search] (Бейне іздеу) немесе  [Music Search] (Музыка іздеу) параметрін таңдау үшін басыңыз.

Мазмұн туралы ақпарат (оның ішінде тақырыбы, құрамы, трек немесе орындаушы), [Playback History] (Ойнату тарихы) және [Search History] (Іздеу тарихы) көрсетіледі.

- [Playback History] (Ойнату тарихы)
Бастапқы ойнатылған BD-ROM/ DVD-ROM/CD-DA (музыканың CD) тақырыптарының тізімін көрсетеді. Мазмұн туралы ақпаратты алу үшін атау таңдаңыз.
- [Search History] (Іздеу тарихы) [Video Search] (Бейне іздеу) немесе [Music Search] (Музыка іздеу) функциясы арқылы бұрын ізделгендердің тізімін көрсетеді.

Кейінгіге қажетті ақпарат іздеу

Тізімдер ішіндегі тармақты таңдап, іздеулер үшін қызметті таңдаңыз.

TV SideView функциясын пайдалану

TV SideView - қашықтағы құрылғыға (смартфон, т.б.) арналған тегін ұялы телефон бағдарламасы. TV SideView бағдарламасы көмегімен жүйені қашықтағы құрылғы арқылы басқара беруге болады.

Қызметті не бағдарламаны қашықтағы құрылғыдан қосып, диск ойнап тұрғанда, диск туралы ақпаратты көруге болады. TV SideView құрылғысын қашықтан басқару құралы және бағдарламалық құрал пернетақтасы ретінде де пайдалануға болады.

TV SideView құрылғысын осы жүйемен алғаш қолданар алдында TV SideView құрылғысын тіркеуді ұмытпаңыз. Тіркеу үшін TV SideView құрылғысының экранындағы нұсқауларды орындаңыз.

Ескертпе

Теледидар экранында бастапқы мәзір пайда болғанда ғана тіркеу мүмкін болады.

Қолжетімді опциялар

OPTIONS түймесін басу арқылы әр түрлі параметрлер мен ойнату әрекеттері қол жетімді болады. Қолжетімді элементтер жағдайға байланысты ерекшеленеді.

Негізгі опциялар

[Sound Field] (Дыбыс өрісі)

Дыбыс өрісі параметрін өзгертеді (30-бет).

[Cinema Studio 9.1ch] (9.1 арналы киностудия)

9.1 арналы киностудия режимін қосады немесе өшіреді (31-бет).

[Music Arena] (Музыкалық сахна)

Цифрлық музыка сахнасы режимін қосады немесе өшіреді (31-бет).

[Philharmonic Hall] (Филармония залы)

Филармония залы режимін қосады немесе өшіреді (31-бет).

[Football] (Футбол)

Футбол режимін таңдайды (32-бет).

[Repeat Setting] (Қайталау параметрі)

Ойнатуды қайталауды орнатады.

[3D Menu] (3D мәзірі)

[Simulated 3D] (Ұқсастырылған 3D):
Ұқсастырылған 3D әсерін реттейді.

[3D Depth Adjustment] (3D тереңдігін реттеу):
3D кескіндерінің тереңдігін реттейді.

[2D Playback] (2D ойнату): 2D кескінін ойнатуға қояды.

[Play/Stop] (Ойнату/Тоқтату)

Ойнатуды бастайды не тоқтатады.

[Play from start] (Басынан ойнату)


Элементті басынан ойнатады.

[Change Category] (Санатты өзгерту)

«BD/DVD» (тек диск үшін), «USB»

функциясында немесе DLNA серверінде

 [Video] (Бейне),  [Music] (Музыка) және

 [Photo] (Фотосурет) санаттары арасында ауыстырады. Бұл элемент санат үшін дисплей тізімі көрсетілгенде ғана шығады.

Тек  [Video] (Бейне)**[A/V SYNC] (Аудио/бейне синхрондау)**

Сурет пен дыбыс арасында уақыт аралығын реттейді (45-бет).

[3D Output Setting] (3D кескінін шығару параметрі)

3D бейне кескінін автоматты түрде шығару не шығармау керектігін белгілейді.

Ескертпе

3D бейнесі бұл параметрге қарамастан HDMI (IN 1) немесе HDMI (IN 2) ұясынан шығады.

[Video Settings] (Бейне параметрлері)

[Picture Quality Mode] (Кескін сапасының режимі): Сурет параметрлерін таңдайды ([Direct] (Тікелей), [Brighter Room] (Жарық бөлме), [Theatre Room] (Театр бөлмесі), [Auto] (Авто), [Custom1] (Пайдаланушының 1-ші параметрі) және [Custom2] (Пайдаланушының 2-ші параметрі)).

Төмендегі сурет параметрлерін қалауға сай реттеп, [Custom1] (Пайдаланушының 1-ші параметрі)/[Custom2] (Пайдаланушының 2-ші параметрі) параметрлерінде сақтап қоюға болады.

- [Texture Remaster] (Текстураны жаңарту): Шеттердің өткірлігін және алатын аумағын реттейді.
- [Super Resolution] (Супер ажыратымдылық): Ажыратымдылықты жақсартады.
- [Smoothing] (Тегістеу): Тегіс аумақтардағы градацияны тегістеп экрандағы жолақтарды азайтады.
- [Contrast Remaster] (Контрастты жаңарту): Экран тым қараңғы болмай, сурет өзгертілуі үшін қара және ақ деңгейлерді автоматты түрде реттейді.
- [Clear Black] (Қараны жою): Суретте қара элементтердің көрсетілуін реттейді. Көлеңкелер басылмайды, қара түстерді әдемі етіп көрсетеді.

[Pause] (Кідірту)

Ойнатуды тоқтата тұрады.

[Top Menu] (Басты мәзір)

BD немесе DVD бас мәзірін көрсетеді.

[Menu] (Мәзір)/[Pop Up Menu]

(Қалқымалы мәзір)

BD-ROM қалқымалы мәзірін немесе DVD мәзірін көрсетеді.

[Title Search] (Тақырып іздеу)

BD-ROM/DVD VIDEO ішінен тақырыпты іздеп, ойнатуды басынан бастайды.

[Chapter Search] (Тарау іздеу)

Тарауды іздеп, басынан ойнатады.

[Audio] (Аудио)

Аудио пішімін/тректі таңдайды.

[Subtitle] (Субтитр)

BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне көп тілді субтитрлер жазылғанда, субтитр тілін таңдайды.

[Angle] (Бұрыш)

BD-ROM/DVD VIDEO дискілеріне бірнеше көру бұрышы жазылғанда, көру бұрыштарын ауыстырып отырады.


[IP Content NR Pro] (NR Pro IP мазмұны)

Интернет мазмұнының бейне сапасын дұрыстайды.

[Video Search] (Бейне іздеу)

Gracenote технологиясына негізделген BD-ROM/DVD-ROM дискілеріндегі ақпаратты көрсетеді.

[Number Entry] (Нөмір енгізу)

Сандарды енгізеді. Сандарды таңдау үшін  түймелерін қолданыңыз.

Тек 🎵 [Music] (Музыка)

[Track Search] (Трек іздеу)

CD дискісі ойнатылып жатқанда, трек нөмірін іздейді.

[Add Slideshow BGM] (Слайд шоу фондық музыкасын қосу)

USB жад құралындағы музыкалық файлдарды слайд шоу фондық музыкасы (BGM) ретінде тіркейді.

[Music Search] (Музыка іздеу)

Gracenote технологиясына негізделген аудио CD (CD-DA) дискісі туралы ақпаратты көрсетеді.

[Visualizer] (Визуализатор)/[Colour Pattern] (Түсті өрнек):

ТД экранындағы визуализатор түс әсерін өзгертеді (54-бет).

Тек 📷 [Photo] (Фотосурет)

[Slideshow] (Слайд шоу)

Слайд шоуы іске қосады.

[Slideshow Speed] (Слайд шоу жылдамдығы)

Слайд шоу жылдамдығын өзгертеді.

[Slideshow Effect] (Слайд шоу әсері)

Слайд шоу ойнатылып жатқанда әсерін орнатыңыз.

[Slideshow BGM] (Слайд шоу фондық музыкасы)

- [Off] (Өшірулі): Функцияны өшіреді.
- [My Music from USB] (USB ішіндегі музыка): [Add Slideshow BGM] (Слайд шоу фондық музыкасын қосу) ішінде тіркелген музыкалық файлдарды белгілейді.
- [Play from Music CD] (Музыкалық ықшам дискіден ойнату): CD-DA дискілеріндегі тректерді белгілейді.

[Change Display] (Дисплейді өзгерту)

[Grid View] (Тор көрінісі) және [List View] (Тізім көрінісі) арасында ауыстырады.

[Rotate Left] (Солға бұру)

Фотосуретті сағат тіліне қарсы 90 градусқа бұрады.

[Rotate Right] (Оңға бұру)

Фотосуретті сағат тілімен 90 градусқа бұрады.

[View Image] (Кескін көру)

Таңдалған суретті көрсетеді.

Сурет пен дыбыс арасындағы кешігуді реттеу

(A/V SYNC)

Дыбыс теледидар экранындағы суреттерге сәйкес келмесе, төмендегі функциялар үшін сурет пен дыбыс арасындағы кешігуді реттеуге болады. Орнату әдісі функцияға байланысты ерекшеленеді.

«BD/DVD», «USB», «HDMI1» немесе «HDMI2» функциясы таңдалған кезде

- 1** **OPTIONS** түймесін басыңыз. Теледидар экранында опциялар мәзірі пайда болады.
- 2** **Press** **түймесімен [A/V SYNC] (Аудио/бейне синхрондау) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.**
- 3** **Кешігуді реттеу үшін түймесін, содан кейін түймесін басыңыз.** 25 мс қадаммен 0-300 мс аралығында реттеуге болады.

«TV» функциясы таңдалған кезде

- 1** **OPTIONS** түймесін басыңыз. Жоғарғы дисплей тақтасында «AV.SYNC» жазуы пайда болады.
- 2** **немесе түймесін басыңыз.**
- 3** **Кешігуді реттеу үшін түймесін, содан кейін түймесін басыңыз.** 25 мс қадаммен 0-300 мс аралығында реттеуге болады.
- 4** **OPTIONS** түймесін басыңыз. Жоғарғы тақта дисплейіндегі опциялар мәзірі өшеді.

Дыбысты реттеу

Аудио пішімін, көптілді тректерді немесе арнаны таңдау

Жүйе бірнеше аудио пішімде (PCM, Dolby Digital, MPEG audio немесе DTS) жазылған BD/DVD VIDEO дискілерін немесе көп тілді тректерді ойнатқан кезде, аудио пішімді немесе оның тілін өзгертуге болады.

CD ойнатқыш арқылы сол немесе оң жақ арнадан дыбысты таңдап, таңдалған арнаның дыбысын оң және сол жақ динамиктердің екеуі арқылы тыңдауға болады.

Қажетті аудио сигналын таңдау үшін ойнату кезінде AUDIO түймесін бірнеше рет басыңыз.

Теледидар экранында аудио туралы ақпарат пайда болады.

■ BD/DVD VIDEO

BD/DVD VIDEO ойнатқышына байланысты тілдің опциясы әр түрлі болады.

4 сан көрсетілгенде олар тілдің кодын ұсынады. «Тілдер кодының тізімі» (88-бет) бетін қараңыз. Бір тіл екі немесе үш рет көрсетілсе, BD/DVD VIDEO ойнатқышы бірнеше аудио пішімдерінде жазылады.

■ DVD-VR

Дискіге жазылған саундтректердің түрлері көрсетіледі.

Мысалы:

- [↵ Stereo] (Стерео)
- [↵ Stereo (Audio1)] (Стерео (Аудио 1))
- [↵ Stereo (Audio2)] (Стерео (Аудио 2))
- [↵ Main] (Негізгі)
- [↵ Sub] (Қосалқы)
- [↵ Main/Sub] (Негізгі/Қосалқы)

Ескертпе

Дискіге бір-ақ аудио ағын жазылғанда, [↵ Stereo (Audio1)] (Стерео (Аудио 1)) және [↵ Stereo (Audio2)] (Стерео (Аудио 2)) көрсетілмейді.

■ CD

- [↵ Stereo] (Стерео): Стандартты стерео дыбысы.
- [↵ 1/L] (1/C): Сол жақ арнаның (монофоникалық) дыбысы.
- [↵ 2/R] (2/O): Оң жақ арнаның (монофоникалық) дыбысы.
- [↵ L+R] (C+O): Сол және оң жақ арналардың екеуінің де дыбысы әр жеке динамиктен шығады.

Мультиплекс хабарлау дыбысын қолдану

(DUAL MONO)

Жүйе Dolby Digital мультиплекс хабарлау сигналын қабылдағанда немесе ойнатқанда мультиплекс хабарлау сигналын қолдануға болады.

Ескертпе

Dolby Digital сигналын қабылдау үшін теледидарды немесе басқа жабдықты TV (DIGITAL IN OPTICAL) ұясына оптикалық сандық сыммен қосу керек (22-бет, 23-бет). Теледидардың HDMI IN ұясы аудионы қайтару арнасы функциясымен үйлесімді болса (22-бет, 67-бет), Dolby Digital сигналын HDMI кабелі арқылы қабылдауға болады.

Қажетті сигнал жоғарғы дисплей тақтасында пайда болғанша AUDIO түймесін бірнеше рет басыңыз.

- «MAIN»: Негізгі тілдің дыбысы шығады.
- «SUB»: Қосымша тілдің дыбысы шығады.
- «MN/SUB»: Негізгі және қосымша тілдің аралас дыбысы шығады.

Радио тыңдау

1 «FM» жазбасы жоғарғы дисплей тақтасында пайда болғанша **FUNCTION** түймесін бірнеше рет басыңыз.

2 Радиостанцияны таңдаңыз.


Автоматты реттеу

Сканерлеу басталғанша **TUNING +/-** түймесін басып тұрыңыз.

ТД экранында [Auto Tuning] (Авто дәлдеу) жазуы пайда болады. Жүйе станцияда реттелгенде сканерлеу тоқтайды. Автоматты реттеуден бас тарту үшін кез келген түймені басыңыз.

Қолмен реттеу

TUNING +/- түймесін бірнеше рет басыңыз.


3 Дыбыс деңгейін реттеу үшін  +/- түймесін бірнеше рет басыңыз.


FM бағдарламасында шу болса

FM бағдарламасында шу болса, монофоникалық қабылдауды таңдауға болады. Стерео әсері болмайды, бірақ қабылдау жақсарады.

1 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

Теледидар экранында опция мәзірі пайда болады.

2 **+/+** түймесімен [FM Mode] (FM режимі) параметрін таңдап,  түймесін басыңыз.

3 **+/+** түймесімен [Monaural] (Монофоникалық) параметрін таңдап,  түймесін басыңыз.

- [Stereo] (Стерео): Стерео қабылдау.
- [Monaural] (Монофоникалық): Монофоникалық қабылдау.

Кеңес

Әр алдын ала белгіленген станция үшін [FM Mode] (FM режимі) параметрін бөлек орнатуға болады.

Радиостанцияларды алдын ала белгілеу

20 станцияға дейін алдын ала белгілеуге болады. Реттеу алдында дыбыс деңгейін төмендетуді тексеріңіз.


1 Жоғарғы тақта дисплейінде «FM» жазуы көрсетілгенше **FUNCTION** түймесін баса беріңіз.


2 Авто сканерлеу басталғанша **TUNING +/-** түймесін басып тұрыңыз.

Жүйе станцияда реттелгенде сканерлеу тоқтайды.

3 **OPTIONS** түймесін басыңыз.

Теледидар экранында опция мәзірі пайда болады.

4 **+/+** түймесімен [Preset Memory] (Алдын ала белгіленген жад) параметрін таңдап,  түймесін басыңыз.

5 **+/+** түймесімен алдын ала белгіленген нөмірлерден қалағаныңызды таңдап,  түймесін басыңыз.

6 Басқа станцияларды сақтау үшін 2-5 қадамдарын қайталаңыз.

Алдын ала белгіленген нөмірді өзгерту

PRESET +/- түймесімен алдын ала белгіленген нөмірлерден қалағаныңызды таңдап, 3-қадамдағы процедураны орындаңыз.

Алдын ала белгіленген станцияны таңдау

- 1 Жоғарғы тақта дисплейінде «FM» жазуы көрсетілгенше FUNCTION түймесін баса беріңіз. Соңғы қабылданған станция дәлденеді.
- 2 Алдын ала белгіленген станцияны таңдау үшін PRESET +/- түймесін қайтара баса беріңіз.

Кеңес

DISPLAY түймесін басқан сайын жоғарғы тақтадағы дисплей төменде берілген цикл бойынша өзгереді:

Жиілік → Алдын ала белгіленген нөмір → Кодтау күйі*

* [Sound Effect] (Дыбыс әсері) параметрі [Dolby Pro Logic], [DTS Neo:6 Cinema] (DTS Neo:6 Кинотеатр) немесе [DTS Neo:6 Music] (DTS Neo:6 Музыка) күйлеріне орнатылғанда пайда болады (page 65).

Радио деректер жүйесін (РДЖ) қабылдау

(тек еуропалық модельдерде)

Жүйеде радиостанциялардан қосымша ақпаратты көру мүмкіндігін беретін РДЖ функциясы ұсынылған.

FM ауқымынан станцияны таңдасаңыз болды.

ТД экранында станция атауы пайда болады.

Ескертпе

- Дәлденген станция РДЖ сигналын дұрыс тасымалдамаса немесе сигнал күші аз болса, РДЖ дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін.
- FM станцияларың барлығы RDS қызметін, сондай-ақ, қызметтердің ұқсас түрін қамтамасыз етпейді. RDS жүйесімен таныс болмасаңыз, аумағыңыздағы RDS қызметтері бойынша мәліметтерді жергілікті радиостанцияларынан тексеріңіз.

«BRAVIA» Sync үшін HDMI басқару құралы функциясын қолдану

Теледидарларда бұл функция «BRAVIA» Sync функциясы арқылы қол жетімді. HDMI функциясымен үйлесімді Sony жабдықтарын HDMI кабелімен жалғау арқылы әрекет жеңілдейді.

Ескертпе

«BRAVIA» Sync функциясын қолдану үшін HDMI байланысы аяқталғаннан соң жүйені және барлық жалғанған жабдықтарды қосуды ұмытпаңыз.

HDMI басқару құралы - Оңай параметр

Теледидарда тиісті параметрді қосу арқылы жүйені [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) функциясын автоматты түрде орнатуға болады. HDMI басқару құралы функциясы туралы мәліметтерді «[HDMI Settings] (HDMI параметрлері)» (67-бет) бөлімінен қараңыз.

Жүйені өшіру

Жүйені теледидармен бірге өшіруге болады.

Ескертпе

Музыка ойнатылғанда немесе «FM» функциясы таңдалғанда, жүйе автоматты түрде өшпейді.

Бір рет түртіп ойнату

Қашықтан басқару құралындағы ► түймесін басқанда жүйе және теледидар қосылып, ТД кірісі жүйемен жалғанған HDMI кірісіне ауысады.

Жүйені аудио басқару

ТД немесе басқа жабдықтан дыбысты қарапайым әрекет арқылы естуге болады.

Жүйе аудиосын басқару функциясын келесідей орнатуға болады:

- Жүйе қосылғанда ТД немесе басқа жабдықтың дыбысы жүйенің динамиктерінен шығады.
- ТД немесе басқа құрылғыдан дыбыс жүйенің динамиктері арқылы шыққанда ТД динамиктерінен шығатын дыбыс деңгейін SPEAKERS TV ↔ AUDIO түймесін басу арқылы ауыстыруға болады.
- Теледидар немесе басқа жабдықтан дыбыс жүйенің динамиктері арқылы шыққанда дыбыс деңгейін реттеп, теледидарды қолдану арқылы жүйенің дыбысын өшіруге болады.

Аудио қайтару арнасы

Теледидардың дыбысын тек бір HDMI кабелімен жүйе арқылы естуге болады. Параметр туралы мәліметтерді «[Audio Return Channel] (Аудио қайтару арнасы)» (67-бет) бөлімінен қараңыз.

Тілдің орындалуы

Теледидар экрандық дисплейінің тілін өзгертсе, жүйені өшіріп, қайта қосқаннан кейін оның экрандық тілі де ауысады.

Маршруттауды басқару

Қосылған жабдықтағы бір рет түртіп ойнату функциясын орындаған кезде жүйе қосылып, жүйенің функциясын «HDMI1» немесе «HDMI2» (қолданыстағы HDMI кіріс ұясына байланысты) орнатады, ТД кірісі жүйемен жалғанған HDMI кірісіне автоматты түрде орнатылады.

Сәйкес динамик параметрлерін автоматты түрде калибрлеу

[Auto Calibration] (Авто калибрлеу)

(тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/
BDV-N7200W/BDV-N7200WL)

D.C.A.C. DX (Сандық кинотеатрды авто калибрлеу DX) функциясы динамиктердің қашықтығы, орны және акустикасы параметрлерін автоматты түрде реттеу арқылы шынайы дыбыс әсерін береді.

Ескертпе

- [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) іске қосылғанда, жүйеден сынақ дыбысы қатты шығады. Дыбыс деңгейін төмендетуге болмайды. Мұны балалар мен көршілер бар кезде ескеру қажет.
- [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) жасалмай тұрып:
 - барлық динамиктерді негізгі құрылғы мен көлемді дыбыс күшейткішіне жалғаңыз;
 - көлемді дыбыс күшейткішін қосып, оны сымсыз байланыс орнатылатын қолайлы жерге қойыңыз.

1 HOME түймесін басыңыз.

Теледидар экранында басты мәзір пайда болады.

2 [Setup] (Орнату) параметрін таңдаңыз.

3 [Audio Settings] (Аудио параметрлері) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.

4 түйесімен [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.

[Select speaker layout.] (Динамик пішімін таңдаңыз.) дисплейі пайда болады.

5 түйесімен динамиктің орнына сәйкес параметрді таңдап, түймесін басыңыз.

- [Standard] (Стандартты): Көлемді динамиктер артқы орында орнатылған.
- [All Front] (Барлығы алдыңғы): Барлық динамиктер алдыңғы орынға қойылған.

[Auto Calibration] (Авто калибрлеу) үшін растау дисплейі пайда болады.

6 Калибрлеу микрофонын артқы тақтадағы A.CAL MIC ұясына қосыңыз.

Калибрлеу микрофонын құлақ деңгейінде штатив, т.б. (жинақта берілмеген) қолдану арқылы орнатыңыз. Теледидар экранында калибрлеу микрофоны көрсетілу керек. Әр динамиктің алдыңғы жағы калибрлеу микрофонына қарап, динамиктер мен калибрлеу микрофоны арасында кедергі болмауы керек.

7 түйесімен [OK] пәрменін таңдаңыз.

Бас тарту үшін [Cancel] (Бас тарту) пәрменін таңдаңыз.

8 түймесін басыңыз.

[Auto Calibration] (Авто калибрлеу) іске қосылады. Жүйе динамик параметрлерін автоматты түрде реттейді. Өлшеу барысында тыныштықты сақтаңыз.

Ескертпе

[Auto Calibration] (Авто калибрлеу) орындалып жатқанда, жүйені қолданбаңыз.

9 [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) нәтижелерін тексеріңіз.

Теледидар экранында әр динамик үшін қашықтық пен деңгей мөндері көрсетіледі.

Ескертпе

- Өлшеу дұрыс жасалмаса, хабардағы нұсқауды орындап, [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) әрекетін қайталаңыз.
- Ортаңғы динамик анықталмаса, [Centre Speaker] (Ортаңғы динамик) параметрі автоматты түрде [Off] (Өшірулі) мәніне қойылады.

10 ↕/↔ түймесімен [OK] немесе [Cancel] (Бас тарту) пәрменін таңдап, + түймесін басыңыз.

■ **Өлшеу дұрыс жасалды.**
Калибрлеу микрофонын ажыратып, [OK] пәрменін таңдаңыз. Нәтиже орындалды.

■ **Өлшеу дұрыс емес.**
Хабардағы нұсқауды орындап, әрекетті қайталау үшін [OK] пәрменін таңдаңыз.

Динамиктерді орнату

[Speaker Settings] (Динамик параметрлері)

Оңтайлы көлемді дыбыс алынуы үшін динамиктер мен тыңдау орны арасындағы қашықтықты орнатыңыз.

1 **HOME түймесін басыңыз.**
Теледидар экранында басты мәзір пайда болады.

2 **↕/↔ түймесімен  [Setup] (Орнату) параметрін таңдаңыз.**

3 **↕/↔ түймесімен [Audio Settings] (Аудио параметрлері) параметрін таңдап, + түймесін басыңыз.**

4 **↕/↔ түймесімен [Speaker Settings] (Динамик параметрлері) параметрін таңдап, + түймесін басыңыз.**

[Select speaker layout.] (Динамик пішімін таңдаңыз.) дисплей пайда болады.

5 **↕/↔ түймесімен динамиктердің орнына сәйкес параметрді таңдап, + түймесін басыңыз.**

- [Standard] (Стандартты): Көлемді динамиктер артқы орында орнатылған.
- [All Front] (Барлығы алдыңғы): Барлық динамиктер алдыңғы орында орнатылған.

Ескертпе

Динамик орнының параметрін өзгерткен сайын барлық параметрлер әдепкі мөндеріне қалпына келтіріледі.

6 \leftarrow/\rightarrow түймесімен [OK] немесе [Cancel] (Бас тарту) пәрменін таңдап, $\boxed{+}$ түймесін басыңыз.

7 \uparrow/\downarrow түймесімен элементті таңдап, $\boxed{+}$ түймесін басыңыз.

8 Параметрді реттеу үшін \uparrow/\downarrow түймесін басыңыз.

9 Параметрлерді растау үшін \leftarrow/\rightarrow және $\boxed{+}$ түймелерін басыңыз.

Келесі параметрлерді тексеріңіз.

■ [Centre Speaker] (Ортаңғы динамик)

[On] (Қосулы): Ортаңғы динамик жалғанған.

[Off] (Өшірулі): Ортаңғы динамик жалғанбаған.

■ [Distance] (Қашықтық)

Динамиктерді жылжитқанда, тыңдау орнынан динамиктерге дейінгі қашықтықтың параметрлерін орнатуды ұмытпаңыз.

0,0-7,0 метр арасында параметрлер орнатуға болады.

[Front Left/Right] (Алдыңғы сол/оң жақ) 3.0 m: Алдыңғы динамиктің қашықтығын орнатыңыз.

[Centre] (Ортаңғы) 3.0 m: Ортаңғы динамиктің қашықтығын орнатыңыз.

Бұл параметр [Centre Speaker] (Ортаңғы динамик) [On] (Қосулы) мәніне қойылғанда ғана істейді.

[Surround Left/Right] (Көлемді сол/оң жақ) 3.0 m: Көлемді динамиктің қашықтығын орнатыңыз.

[Subwoofer] (Сабвуфер) 3.0 m: Сабвуфердің қашықтығын орнатыңыз.

■ [Level] (Динамик)

Динамиктердің дыбыс деңгейін реттеуге болады. -6,0 дБ және +6,0 дБ арасында параметрлер орнатуға болады. Оңай реттеу үшін [Test Tone] (Сынақ сигнал) параметрін [On] (Қосулы) күйіне орнатуды ұмытпаңыз.

[Front Left/Right] (Алдыңғы сол/оң жақ) 0.0 dB: Алдыңғы динамиктің деңгейін орнатыңыз.

[Centre] (Ортаңғы) 0.0 dB: Ортаңғы динамиктің деңгейін орнатыңыз.

Бұл параметр [Centre Speaker] (Ортаңғы динамик) [On] (Қосулы) мәніне қойылғанда ғана істейді.

[Surround Left/Right] (Көлемді сол/оң жақ) 0.0 dB: Көлемді дыбыс динамигінің деңгейін орнатыңыз.

[Subwoofer] (Сабвуфер) 0.0 dB: Сабвуфердің деңгейін орнатыңыз.

■ [Relocation] (Орнын ауыстыру) (тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL)

Көлемді дыбыс әсерін виртуалды түрде жақсарту үшін динамиктің орнын ауыстыруға болады.

[On] (Қосулы): Дыбыс [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) анықтаған виртуалды түрде орны ауысқан динамиктен естіледі.

[Off] (Өшірулі): Дыбыс динамиктің нақты орнынан естіледі.

Ескертпе

- Бұл параметр [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) жасалғаннан кейін ғана күшіне енеді.
- Динамиктің орналасуы [All Front] (Барлығы алдыңғы) күйіне орнатылғанда, бұл функцияны таңдау мүмкін болмайды.

■ [Test Tone] (Сынақ сигнал)

Динамиктер [Level] (Деңгей) мәнін реттеу үшін сынақ сигнал шығарады.

[Off] (Өшірулі): Сынақ сигнал динамиктерден шықпайды.

[On] (Қосулы): Реттеу деңгейі кезінде сынақ сигнал қатарынан әр динамиктен шығады. [Speaker Settings] (Динамик параметрлері) тармақтарының бірін таңдағанда сынақ сигнал қатарынан әр динамиктен шығады.

Дыбыс деңгейін төмендегідей реттеңіз.

- 1 [Test Tone] (Сынақ сигнал) параметрін [On] (Қосулы) күйіне орнатыңыз.
- 2 \updownarrow түймесімен [Level] (Деңгей) параметрін таңдап, \oplus түймесін басыңыз.
- 3 \updownarrow түймесімен қажетті динамик түрін таңдап, \oplus түймесін басыңыз.
- 4 \leftarrow түймесін сол немесе оң жақ динамикті таңдау үшін басып, сосын \updownarrow түймесін деңгейді реттеу үшін басыңыз.
- 5 \oplus түймесін басыңыз.
- 6 3-5 қадамдарды қайталаңыз.
- 7 RETURN түймесін басыңыз.
Жүйе алдыңғы дисплейге оралады.
- 8 \updownarrow түймесімен [Test Tone] (Сынақ сигнал) параметрін таңдап, \oplus түймесін басыңыз.
- 9 \updownarrow түймесімен [Off] (Өшірулі) параметрін таңдап, \oplus түймесін басыңыз.

Ескертпе

- Сынақ сигналдар HDMI (OUT) ұясынан шықпайды.
- [Centre Speaker] (Ортаңғы динамик) параметрі [Off] (Өшірулі) мәнінде тұрса, сынақ сигнал ортаңғы динамиктен шықпайды.

Кеңес

Барлық динамиктердің дыбыс деңгейін бірге реттеу үшін \triangleleft +/- түймесін басыңыз.

Ұйқы таймері функциясын қолдану

Музыка тыңдап жатып, ұйқыға кету үшін жүйені алдын ала белгіленген уақытта өшетіндей етіп орнатуға болады.

SLEEP түймесін басыңыз.

SLEEP түймесін басқан сайын жоғарғы тақта дисплейінде минут мәні (қалған уақыт) 10 минутқа өзгеріп отырады.

Ұйқы таймері функциясын орнатқан кезде, қалған уақыт 5 минут сайын көрсетіліп отырады.

Қалған уақыт 2 минуттан аз болғанда, жоғарғы тақта дисплейінде «SLEEP» жазуы жыпылықтай бастайды.

Қалған уақытты тексеру

SLEEP түймесін бір рет басыңыз.

Қалған уақытты өзгерту

SLEEP түймесін бірнеше рет басыңыз.

Негізгі құрылғыдағы түймелерді өшіру

(Балалардан қорғау)

Негізгі құрылғыдағы түймелерді (I/O түймесін қоспағанда) баланың зақымдануы сияқты келеңсіздікті болдырмау үшін өшіруге болады.

Негізгі құрылғыдағы ■ түймесін 5 секундтан аса басып тұрыңыз.

Жоғарғы тақтаның дисплейінде «LOCKED» жазуы шығады. Балалардан қорғау функциясы белсендіріліп, негізгі құрылғыдағы түймелер құлыпталады. (Жүйені қашықтан басқару құрал арқылы қолдануға болады.) Бас тарту үшін жоғарғы тақта дисплейінде «UNLOCK» жазуы шыққанша ■ түймесін басып тұрыңыз.

Жарықтықты өзгерту

Мыналардың жарықтығын өзгертуге болады:

- динамиктердегі жарықтандыру диоды (тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL);
- жоғарғы тақта дисплейі;
- сенсорлық түймелердің индикаторлары;
- жоғарғы тақтадағы жарық диоды.

DIMMER түймесін басыңыз.

Түймені басқан сайын элементтің жарықтығы өзгереді.

Жарықтықты 3 деңгейде өзгертуге болады.*

* Жоғарғы тақта дисплейі үшін
[Dimmer : 1] (Жарық реттегіш: 1),
[Dimmer : 2] (Жарық реттегіш: 2) және
[Dimmer : 3] (Жарық реттегіш: 3)
параметрлері бірдей болады.

Keңес

Динамиктердегі жарықтандыру диодының жарықтығын негізгі құрылғы өшіп тұрғанда да реттей беруге болады. Динамиктегі жарықтандыруды алдын ала өшіріңіз (55-бет).

ТД экранындағы визуализацияны тамашалау

Ойнатылып жатқан музыканың ырғағын түсті дизайн және графика түрінде көрсететін визуализатор әсерін тамашалауға болады. Әсерлерді музыка ойнату (тек «BD/DVD», «USB», «FM», «TV», «BT» және «AUDIO» функциялары) және алдын ала енгізілген дыбыстық көрсетілім барысында таратуға болады.

VISUALIZER түймесін қайтара басыңыз.

(тек BDV-N9200W/BDV-N7200W/BDV-N5200W)

COLOUR PATTERN түймесін қайтара басыңыз. (тек BDV-N9200WL/BDV-N7200WL)

ТД экранында музыка ырғағына сәйкес визуализация көрсетіледі. Түймені басқан сайын түс әсері төмендегі цикл бойынша өзгереді:

[RAINBOW] (КЕМПІРҚОСАҚ) →
[PASSION] (ҚҰШТАРЛЫҚ) → [OCEAN]
(МҰХИТ) → [FOREST] (ОРМАН) →
[Off] (Өшірулі)

Ескертпе

15 Мб/с шамасынан артық жоғары битрейтті аудио мазмұнын ойнатқанда, визуализатор әсері біркелкі болмауы мүмкін.

Keңес

- ТД экранына қандай да бір ақпарат шығып, визуализациямен қабаттасып қалмауы үшін [System Settings] (Жүйе параметрлері) ішіндегі [Auto Display] (Авто көрсету) параметрін [Off] (Өшірулі) мәніне қойыңыз (68-бет).
- Визуализатор әсерін опциялар мәзірі арқылы да таңдауға болады.

Динамик жарығын қолдану

(тек **BDV-N9200WL/BDV-N7200WL**)

Динамиктерде жарықты қосу арқылы стадионда, шынайы сахнада немесе фильмнің ішінде жүру әсеріне бөленуге болады. Қалауға қарай алдыңғы және көлемді дыбыс динамиктерінің жарық өрнектерін таңдауға болады.

Ескертпе

Жарықтандыру диоды өте жарық болады, оған тікелей қарауға болмайды. Жарықтандыру тым жарық болса, динамиктің жарығын өшіріп қоюға немесе жарықтандыру диодының жарықтығын реттеуге болады (54-бет).

Кеңес

Динамиктерді төменде берілген шарттарға сәйкес қолданған жөн.

- Динамик пен қабырғаның арақашықтығы 0,5 метрден асуы керек.
- Ашық түсті қабырғаға қарама-қарсы қойғанда, жарықтандыру әсері күшейеді.

SPEAKER ILLUMINATION түймесін қайтара баса беріңіз.

«IMMERSIVE»

[Immersive Colour] (Иммерсивті түс)

Бейнені ойнату кезінде жарықтандыру түсі ТД экранына сәйкес өзгереді. Музыка ойнатқанда немесе фотосурет көргенде (MP3 файлдарын ойнатып), жарықтандыру түсі визуализация түсіне сәйкес өзгеріп (54-бет), музыка ырғағына бейімделеді. Фотосурет көргенде (MP3 файлдарын ойнатпай), жарық түсі көк болады.

«AMBIENT»

[Ambient Colour] (Қоршаған орта түсі)

Жарықтандыру диоды көк болып жанады.

«REAR IMMERSIVE OFF»

[Immersive Colour (Rear Off)] (Иммерсивті түс (арты өшірулі))

Көлемді дыбыс динамиктерінің жарықтандыруы өшіп тұрады. Алдыңғы динамиктердегі жарықтандыру өрнегі **[Immersive Colour]** (Иммерсивті түс) параметрімен бірдей.

«REAR AMBIENT OFF»

[Ambient Colour (Rear Off)] (Қоршаған орта түсі (арты өшірулі))

Көлемді дыбыс динамиктерінің жарықтандыруы өшіп тұрады. Алдыңғы динамиктердегі жарықтандыру өрнектері **[Ambient Colour]** (Иммерсивті түс) параметрімен бірдей.

«OFF»

[Off] (Өшірулі)

Барлық динамиктердің жарығы өшіп тұрады.

Негізгі құрылғы өшіп тұрғанда

Алдыңғы динамиктердің жарықтандыру диодын қосу немесе сөндіру үшін **SPEAKER ILLUMINATION** түймесін басуға болады. Жарықтандыру диоды көк болып жанады.

Күту режимінде қуатты үнемдеу

Келесі параметрлер орнатылуы керек:

- **[HDMI Settings]** (HDMI параметрлері) ішіндегі **[Control for HDMI]** (HDMI басқару құралы) параметрі **[Off]** (Өшірулі) күйіне орнатылған (67-бет).
- **[Quick Start Mode]** (Жылдам бастау режимі) параметрі **[Off]** (Өшірулі) күйіне орнатылған (68-бет).
- **[Remote Start]** (Қашықтан іске қосу) параметрі **[Off]** (Өшірулі) күйіне орнатылған (70-бет).
- **[NFC]** параметрі **[Off]** (Өшірулі) күйіне орнатылған (67-бет).

Веб-сайттарды шолу

- 1 Интернетті шолуға дайындалыңыз.**
Жүйені желіге қосыңыз (25-бет).
- 2 HOME түймесін басыңыз.**
Теледидар экранында бастапқы мәзір пайда болады.
- 3 ↔ түймесімен [Network] (Желі) параметрін таңдаңыз.**
- 4 ↕ түймесімен [Internet Browser] (Интернет шолғыш) параметрін таңдап, [+] түймесін басыңыз.**
[Internet Browser] (Интернет шолғыш) дисплейі пайда болады.

Ескертпе

Кейбір веб-сайттар дұрыс көрсетілмеуі немесе істемеуі мүмкін.

URL енгізу үшін

Опциялар мәзірінен [URL entry] (URL енгізу) опциясын таңдаңыз. Бағдарламалық құралдың пернетақтасымен URL енгізіп, [Enter] (Енгізу) опциясын таңдаңыз.

Әдепкі бастапқы бетті белгілеу үшін

Орнату үшін қажетті бетті көрсеткенде, опциялар мәзірінен [Set as start page] (Бастапқы бер ретінде орнату) опциясын таңдаңыз.

Алдыңғы бетке оралу үшін


Опциялар мәзірінен [Previous page] (Алдыңғы бет) опциясын таңдаңыз. [Previous page] (Алдыңғы бет) опциясын таңдаған кезде, алдыңғы бет көрсетілмесе, опциялар мәзірінен [Window List] (Терезелер тізімі) опциясын таңдап, тізімнен оралатын бетті таңдаңыз.

Интернет шолғыштан шығу

HOME түймесін басыңыз.

Интернет шолғышты көрсету

Веб-сайт туралы ақпаратты DISPLAY түймесін басу арқылы тексеруге болады. Көрсетілетін ақпарат веб-сайт пен бет күйіне байланысты ерекшеленеді.



- 1** Бет тақырыбы
- 2** Бет мекенжайы
- 3** Меңзер
↔ түймесін басу арқылы жылжытыңыз. Көретін сілтемеге меңзерді қойып, [+] түймесін басыңыз. Сілтемедегі веб-бет көрсетіледі.
- 4** SSL белгішесі
Сілтемедегі URL қауіпсіздендірілгенде пайда болады.
- 5** Сигнал күшінің индикаторы
Жүйе сымсыз желіге қосылғанда пайда болады.
- 6** Орындалу жолағы/Жүктеу белгішесі
Бетті оқып жатқанда немесе файл жүктеу/тасымалдау кезінде пайда болады.

- 7 Мәтін енгізу жолағы
 түймесін басып, сосын бағдарламалық жасақтама пернетақтасын ашу үшін опциялар мәзірінен [Input] (Кіріс) опциясын таңдаңыз.
- 8 Жылжу жолағы
 Бетті солға, жоғары, төмен немесе оңға жылжыту үшін түймесін басыңыз.

Қолжетімді опциялар

OPTIONS түймесін басу арқылы әр түрлі параметрлер мен әрекеттер қол жетімді болады.

Қолжетімді элементтер жағдайға байланысты ерекшеленеді.

[Browser Setup] (Шолғышты реттеу)

Интернет браузерінің параметрлерін көрсетеді.

- [Zoom] (Масштаб): Көрсетілген мазмұнның өлшемін арттырады не кемітеді.
- [JavaScript Setup] (JavaScript орнату): JavaScript қосу не өшіру керектігін белгілейді.
- [Cookie Setup] (Cookie файлдарын орнату): Шолғыштың cookie файлдарын қабылдау не қабылдамау керектігін белгілейді.
- [SSL Alarm Display] (SSL дабылын көрсету): SSL қосу не өшіру керектігін белгілейді.

[Window List] (Терезелер тізімі)

Барлық ағымдағы ашылып тұрған веб-сайттар тізімін көрсетеді. Терезені таңдау арқылы алдында көрсетілген веб-сайтқа қайтуға мүмкіндік береді.

[Bookmark List] (Бетбелгілер тізімі)

Бетбелгілер тізімін көрсетеді.

[URL entry] (URL енгізу)

Бағдарламалық құрал пернетақтасы көрсетілгенде URL енгізуге мүмкіндік береді.

[Previous page] (Алдыңғы бет)

Алдында көрсетілген бетке өтеді.

[Next page] (Келесі бет)

Келесі бетке өткізеді.

[Cancel loading] (Жүктеуден бас тарту)

Бет жүктеуді тоқтатады.

[Reload] (Қайта жүктеу)

Бір бетті қайта жүктейді.

[Add to Bookmark] (Бетбелгіге қосу)

Ағымдағы көрсетіліп тұрған веб-бетті бетбелгілер тізіміне қосады.

[Set as start page] (Бастапқы бет етіп қою)

Ағымдағы көрсетіліп тұрған веб-сайтты әдепкі бастапқы бет етіп белгілейді.

[Open in new window] (Жаңа терезеде ашу)

Сілтемені жаңа терезеде ашады.

[Character encoding] (Таңбалық код)

Таңбалық код жүйесін белгілейді.

[Display certificate] (Сертификат көрсету)

SSL қолданатын беттерден жіберілген сервер сертификаттарын көрсетеді.

[Input] (Енгізу)

Веб-сайтты қарап жатқанда бағдарламалық құрал пернетақтасын көрсетеді немесе таңбалар енгізеді.

[Break] (Үзу)

Меңзерді мәтін енгізу жолағында келесі жолға жылжытады.

[Delete] (Жою)

Мәтін енгізу кезінде меңзердің сол жағындағы бір таңбаны өшіреді.

Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері

[Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) параметрлерінің көмегімен сымсыз жүйенің қосымша параметрлерін орнатуыңызға болады.

- 1 **HOME** түймесін басыңыз.
Теледидар экранында басты мәзір пайда болады.
- 2 түймесімен [Setup] (Орнату) параметрін таңдаңыз.
- 3 түймесімен [System Settings] (Жүйе параметрлері) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.

4 ↕/↔ түймесімен [Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) параметрін таңдап,

түймесін басыңыз.

[Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) дисплейі пайда болады.

- [Secure Link] (Қауіпсіз байланыс) (58-бет)
- [RF Band]* (Радиожиілік ауқымы) (59-бет)
- [RF Channel] (Радиожиілік арнасы) (59-бет)

* Бұл функция кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.

Арнайы құрылғылар арасында сымсыз тасымалды белсендіру

[Secure Link] (Қауіпсіз байланыс)

Қауіпсіз байланыс арнасының функциясын қолдану арқылы негізгі құрылғыны көлемді дыбыс күшейткішімен байланыстыратын сымсыз байланысты көрсетуге болады. Бұл функция бірнеше сымсыз өнімді қолданған немесе көршілеріңізде болған жағдайда кедергілердің алдын алады.

1 [System Settings] (Жүйе параметрлері) ішінен [Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) параметрін таңдаңыз (57-бет).

2 ↕/↔ түймесімен [Secure Link] (Қауіпсіз байланыс) параметрін таңдап, түймесін басыңыз.

3 ↕/↔ түймесімен [On] (Қосулы) мәнін таңдап, түймесін басыңыз.

4 Көлемді дыбыс күшейткішінің артындағы **SECURE LINK** түймесін басыңыз.

Бірнеше минут ішінде келесі қадамға өтіңіз.

5 ↕/↔ түймесімен [Start] (Іске қосу) пәрменін таңдап, түймесін басыңыз.

Алдыңғы дисплейге оралу үшін [Cancel] (Бас тарту) пәрменін таңдаңыз.

6 [Secure Link setting is complete.] (Қауіпсіз байланыс параметрі орнатылды.) хабары көрсетілгенде, түймесін басыңыз.

Көлемді дыбыс күшейткіші негізгі құрылғымен байланысып, LINK/STANDBY индикаторы қызғылт сары түске ауысады.

[Cannot set Secure Link.] (Қауіпсіз байланысты орнату мүмкін емес.) хабары пайда болса, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Қауіпсіз байланыс функциясынан бас тарту

Негізгі құрылғы үшін

Жоғарыдағы 3-қадамдағы [Off] (Өшірулі) күйін таңдаңыз.

Көлемді дыбыс күшейткіші үшін

Көлемді дыбыс күшейткішінің артқы жағындағы **SECURE LINK** түймесін LINK/STANDBY индикаторы жасыл түспен жанғанша немесе жыпылықтай бастағанша басып тұрыңыз.

Жиілік ауқымын таңдау

[RF Band] (Радиожиілік ауқымы) (Еуропа, Океания, Африка, Үндістан, Таяу Шығыс, Тайланд және Ресей модельдерінде ғана)

[RF Channel] (Радиожиілік арнасы) кіретін жиілік ауқымын таңдауыңызға болады.

Ескертпе

Бұл функция кейбір елдерде/аймақтарда болмауы мүмкін.

1 [System Settings] (Жүйе параметрлері) ішінен [Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) параметрін таңдаңыз (57-бет).

2 \updownarrow түймесімен [RF Band] (Радиожиілік ауқымы) параметрін таңдап, \pm түймесін басыңыз.

3 \updownarrow түймесімен қажетті параметрді таңдап, \pm түймесін басыңыз.

- [Auto] (Авто): Әдетте осы таңдалады. Жүйе автоматты түрде тасымалдау үшін ең күшті жиілік ауқымын таңдайды.
- [5.2GHz] (5,2 ГГц), [5.8GHz] (5,8 ГГц): Жүйе дыбысты таңдалған жиілік ауқымына сәйкес тасымалдайды.

Кеңес

[RF Band] (Радиожиілік ауқымы) параметрін [Auto] (Авто) мәніне қойған дұрыс.

Сымсыз тасымал тұрақсыз болса

[RF Channel] (Радиожиілік арнасы) LAN (жергілікті желі) сияқты бірнеше сымсыз жүйені пайдалансаңыз, сымсыз сигналдар тұрақсыз болуы мүмкін. Бұл жағдайда, тасымалды келесі [RF Channel] (Радиожиілік арнасы) параметрін өзгерту арқылы жақсартуға болады.

1 [System Settings] (Жүйе параметрлері) ішінен [Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы) параметрін таңдаңыз (57-бет).

2 \updownarrow түймесімен [RF Channel] (Радиожиілік арнасы) параметрін таңдап, \pm түймесін басыңыз.

3 \updownarrow түймесімен қалаған параметріңізді таңдап, \pm түймесін басыңыз.

- [Auto] (Авто): Әдетте осы таңдалады. Жүйе тасымалдау үшін ең тиімді арнаны автоматты түрде таңдайды.
- [1], [2], [3]: Жүйе тасымал арнасын бекіту барысында дыбыс шығарады. Ең жақсы тасымалдау қабілеті бар арнаны таңдаңыз.

Ескертпе

- Тасымалдау қабілетін басқа сымсыз жүйелерінің тасымалдау арнасын (жиілігін) өзгерту арқылы жақсартуға болады. Қосымша мәліметті басқа сымсыз жүйелердің пайдалану нұсқауларынан қараңыз.
- [RF Band] (Радиожиілік ауқымы) параметрі [Auto] (Авто) мәнінде тұрғанда, бұл функцияны таңдау мүмкін болмайды (59-бет).





Параметрлер және реттеулер

Орнату дисплейін пайдалану


Кескін және дыбыс сияқты элементтерге әртүрлі реттеулер жасай аласыз. Әдепкі параметрлердің асты сызылады.

Ескертпе

Дискте сақталған ойнату параметрлерінің орнату дисплейі параметрлерінен басымдығы артық болады. Осыған орай, кейбір функциялар орындалмауы мүмкін.

- 1 HOME түймесін басыңыз.**
Теледидар экранында бастапқы мәзір пайда болады.
- 2  түймесімен  [Setup] (Орнату) параметрін таңдаңыз.**
- 3  түймесімен орнату санатының белгішесін таңдап,  түймесін басыңыз.**

Белгіше	Түсініктеме
	[Software Update] (Бағдарламалық құралды жаңарту) (61-бет) Жүйенің бағдарламалық жасақтамасын жаңартады.
	[Screen Settings] (Экран параметрлері) (61-бет) ТД түріне сәйкес экран параметрлерін орнатады.
	[Audio Settings] (Аудио параметрлері) (64-бет) Қосу ұяларының түріне сәйкес дыбыс параметрлерін орнатады.

Белгіше	Түсініктеме
	[BD/DVD Viewing Settings] (BD/DVD көру параметрлері) (65-бет) BD/DVD дискілерін ойнатудың параметрлерін жан-жақты орнатады.
	[Parental Control Settings] (Ата-аналық бақылау параметрлері) (66-бет) Ата-аналық бақылау функциясының параметрін жан-жақты орнатады.
	[Music Settings] (Музыка параметрлері) (67-бет) Super Audio CD ойнатуының параметрлерін жан-жақты орнатады.
	[System Settings] (Жүйе параметрлері) (67-бет) Жүйеге қатысты параметрлерді орнатады.
	[External Input Settings] (Сыртқы кіріс параметрлері) (69-бет) Әр сыртқы кіріс үшін кірісті елемеу параметрін орнатады.
	[Network Settings] (Желілік параметрлер) (69-бет) Интернет және желі параметрлерін жан-жақты орнатады.
	[Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) (70-бет) Негізгі желі параметрлерді реттеу үшін [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) функциясын қайта орындайды.
	[Resetting] (Қалпына келтіру) (70-бет) Жүйенің әдепкі зауыттық параметрлерін қалпына келтіреді.

[Software Update] (Бағдарламалық құралды жаңарту)

Бағдарламалық құралды соңғы нұсқасына дейін жаңарту арқылы жаңа функцияларды пайдалана аласыз.

Бағдарламалық құралды жаңарту барысында жоғарғы тақта дисплейінде «UPDATE» жазуы пайда болады. Жаңарту аяқталған кезде, негізгі құрылғы автоматты түрде өшеді. Жаңарту операциясы орындалып жатқан кезде, негізгі құрылғыны өшірмеңіз немесе онымен не теледидармен жұмыс істемеңіз. Бағдарламалық құрал жаңаруы аяқталғанша күтіңіз.

Ескертпе

Жаңарту функциялары туралы қосымша ақпарат алу үшін мына веб-сайтқа кіріңіз:

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін:
<http://support.sony-europe.com/>

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін:
<http://www.sony-asia.com/section/support>

■ [Update via Internet] (Интернет арқылы жаңарту)

Бар желі арқылы жүйенің бағдарламалық құралын жаңартады. Желінің Интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз. Мәліметтерді «3-қадам: Желіге қосылуға дайындау» (25-бет) бөлімінен қараңыз.

■ [Update via USB Memory] (USB жады арқылы жаңарту)

USB жады арқылы бағдарламалық құралды жаңартады. Бағдарламалық құралды жаңарту қалтасының атауы «UPDATE» болуы керек.

[Screen Settings] (Экран параметрлері)

■ [3D Output Setting] (3D кескінін шығару параметрі)

[Auto] (Авто): Өдетте осы таңдалады.
[Off] (Өшірулі): Барлық мазмұндары 2D форматында көрсету үшін осыны таңдаңыз.

Ескертпе

3D бейнесі бұл параметрге қарамастан HDMI (IN 1) немесе HDMI (IN 2) ұясынан шығады.

■ [TV Screen Size Setting for 3D] (3D үшін ТД экран өлшемін орнату)

3D мүмкіндігін қолдайтын теледидардың экран өлшемін орнатады.

Ескертпе

Бұл параметр HDMI (IN 1) немесе HDMI (IN 2) ұясынан шығатын 3D бейнесі үшін жұмыс істемейді.

■ [TV Type] (ТД түрі)

[16:9]: Кең экранды теледидарға немесе кең экран режимі функциясы бар теледидарға жалғағанда, осыны таңдаңыз.

[4:3]: 4:3 экранды теледидарға кең экран режимі функциясынсыз қосылғанда, осыны таңдаңыз.

■ [Screen Format] (Экран пішімі)

[Full] (Толық): Кең режим функциясы бар теледидарға қосылғанда осыны таңдаңыз. Кең экранды теледидардың өзінде 4:3 кескінін 16:9 форматтық арақатынасында көрсетеді.


[Normal] (Қалыпты): Экран өлшемін бастапқы кескінің форматтық арақатынасымен сәйкестендіру үшін кескінін өлшемін өзгертеді.

■ [DVD Aspect Ratio] (DVD пропорциясы)

[Letter Box] (Хаттар жәшігі): Кең кескінді үстіңгі және астыңғы жағында қара жолақтармен көрсетеді.



[Pan & Scan] (Панорамалау және сканерлеу): Толық биіктікті кескінді бүкіл экранда қиылған жақтарымен көрсетеді.



■ [Cinema Conversion Mode] (Кинотеатрды түрлендіру режимі)

[Auto] (Авто): Әдетте осы таңдалады. Негізгі құрылғы материалдың бейнеге немесе фильмге негізделгенін автоматты түрде анықтап, тиісті түрлендіру әдісіне ауыстырады.

[Video] (Бейне): Бейнеге негізделген материалға сәйкес келетін түрлендіру әдісі әрдайым материалға қарамастан таңдалады.

■ [Output Video Resolution] (Шығыс бейнесінің ажыратымдылығы)

[Auto] (Авто): Жалғанған жабдықтың немесе теледидардың ажыратымдылығына қарай бейне сигналын шығарады.

[Original Resolution] (Бастапқы ажыратымдылық): Бейне сигналын дискте жазылған ажыратымдылыққа қарай шығарады. (Ажыратымдылығы SD ажыратымдылығынан төмен болғанда, ол SD ажыратымдылығына үлкейеді.)

[480i/576i]*, [480p/576p]*, [720p], [1080i], [1080p]: Бейне сигналын таңдалған ажыратымдылық параметріне қарай шығарады.

* Егер дискіңіздің түс жүйесі NTSC болса, бейне сигналдары ажыратымдылығы тек [480i] және [480p] мәндеріне түрлендіріледі.

■ [BD-ROM 24p Output] (BD-ROM 24p шығысы)

[Auto] (Авто): 24пикселді бейне сигналын тек 1080/24 пикселмен үйлесімді теледидарды HDMI байланысы арқылы қосып, [Output Video Resolution] (Шығыс бейне ажыратымдылығы) тармағы [Auto] немесе [1080p] мәніне орнатылған кезде шығарады.

[On] (Қосулы): Теледидар 1080/24 пиксел бейне сигналдарымен үйлескенде осыны таңдаңыз.

[Off] (Өшірулі): Теледидар 1080/24 пиксел бейне сигналдарымен үйлеспегенде осыны таңдаңыз.

■ [DVD-ROM 24p Output] (DVD-ROM 24p шығысы)

[Auto] (Авто): 24пикселді бейне сигналын тек 1080/24 пикселмен үйлесімді теледидарды HDMI байланысы арқылы қосып, [Output Video Resolution] (Шығыс бейне ажыратымдылығы) тармағы [Auto] (Авто) немесе [1080p] мәніне орнатылған кезде шығарады. [Off] (Өшірулі): Теледидар 1080/24p бейне сигналдарымен үйлеспегенде, осыны таңдаңыз.

■ [4K Output] (4K шығысы)

[Auto1] (Авто 1): Sony 4K мүмкіндігін қолдайтын жабдыққа жалғанып тұрса, бейне ойнату барысында 2K (1920 × 1080) бейне сигналдарын, фотосурет көргенде, 4K бейне сигналдарын шығарады. Sony 4K мүмкіндігіне қолдау көрсетпейтін жабдыққа жалғанып тұрса, BD/DVD ROM дискілеріндегі 24p бейне мазмұнын ойнату немесе фотосуреттерді көрсету кезінде 4K бейне сигналдарын шығарады. Бұл параметр 3D бейне кескінін ойнатқанда істемейді. [Auto2] (Авто 2): 4K/24p қолдайтын жабдық жалғанғанда, [BD-ROM 24p Output] (BD-ROM 24p шығысы) немесе [DVD-ROM 24p Output] (DVD-ROM 24p шығысы) тиісті параметрлері орнатылғанда, автоматты түрде 4K/24p бейне сигналдарын шығарады. 2D фотосурет файлдарын ойнатқанда, 4K/24p фотосурет кескіндерін шығарады. [Off] (Өшірулі): Функцияны өшіреді.

Ескертпе

[Auto1] (Авто 1) параметрі таңдалып тұрғанда Sony жабдығы анықталмаса, бұл параметр [Auto2] (Авто 2) параметрімен бірдей әсер береді.

■ [YCbCr/RGB (HDMI)]

[Auto] (Авто): Сыртқы жабдықтың түрін автоматты түрде анықтап, сәйкес келетін түс параметріне ауыстырады. [YCbCr (4:2:2)]: YCbCr 4:2:2 бейне сигналдарын шығарады. [YCbCr (4:4:4)]: YCbCr 4:4:4 бейне сигналдарын шығарады. [RGB]: HDCP үйлесімді DVI ұялы жабдыққа қосылғанда осыны таңдаңыз.

■ [HDMI Deep Colour Output] (HDMI терең түсті шығысы)

[Auto] (Авто): Әдетте осыны таңдаңыз. [16bit] (16 бит), [12bit] (12 бит), [10bit] (10 бит): Жалғанған теледидар Терең түс мүмкіндігіне қолдау көрсетсе, 16 бит/12 бит/10 бит бейне сигналдарын шығарады. [Off] (Өшірулі): Кескін тұрақсыз болғанда немесе түстер табиғи болмай шыққанда, осыны таңдаңыз.

■ [SBM] (Super Bit Mapping) (Супер бит салыстыруы)

[On] (Қосулы): HDMI (OUT) ұясынан шыққан бейне сигналдарының шығысының градациясын біркелкі қылады. [Off] (Өшірулі): Шыққан бейне сигналдары бұрмаланып немесе түстер табиғи болмай шыққанда, осыны таңдаңыз.

■ [IP Content NR Pro]

[Video3] (Бейне 3)/[Video2] (Бейне 2)/[Video1] (Бейне 1)/[Film1] (Фильм 1)/[Film2] (Фильм 2)/[Film3] (Фильм 3): Интернет мазмұнының бейне сапасын дұрыстайды. Интернет қызметін қолданғанда, бұл параметр опциялар мәзіріндегімен бірдей болады. [Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ [Pause Mode] (Кідірту режимі)

[Auto] (Авто): Әдетте осы таңдалады. Кескін, жылдам қозғалатын нысандарды қосқанда, бұрмалаусыз шығады.

[Frame] (Кадр): Кескін, жылдам қозғалмайтын нысандарды қосқанда, жоғары ажыратымдылықпен шығарылады.

[Audio Settings] (Аудио параметрлері)

■ [BD Audio MIX Setting] (BD Audio MIX параметрі)

[On] (Қосулы): BDMV файлын ойнатқанда, интерактивті және қосымша дыбысты негізгі дыбыспен араластырып шығарады.

[Off] (Өшірулі): Негізгі дыбысты ғана шығарады.

■ [Audio DRC] (Аудио динамикалық ауқымын сығу)

Саундтректің динамикалық ауқымын сығуға болады.

[Auto] (Авто): Дискіде көрсетілген динамикалық ауқыммен ойнатады (тек BD-ROM).

[On] (Қосулы): Жүйе саундтректі жазған инженер дайындаған динамикалық ауқыммен шығарады.

[Off] (Өшірулі): Динамикалық ауқым сығылмайды.

■ [Attenuation settings - AUDIO] (Басылу параметрлері - AUDIO)

AUDIO IN (L/R) ұяларына қосылған жабдықтан тыңдағанда, дыбыс бұрмаланып шығуы мүмкін. Негізгі құрылғыдағы кіріс деңгейін басу арқылы бұл бұрмаланудың алдын алуыңызға болады.

[On] (Қосулы): Кіріс деңгейін бәсеңдетеді. Бұл параметрде шығыс деңгейі азаяды.

[Off] (Өшірулі): Қалыпты кіріс деңгейі.

■ [Audio Output] (Аудио шығысы)

Шығару әдісін дыбыс сигналы шығатын жерден таңдауыңызға болады.

[Speaker] (Динамик): Көп арналы дыбысты тек жүйенің динамиктерінен шығарады.

[Speaker + HDMI] (Динамик +HDMI): Жүйенің динамиктерінен көп арналы дыбысты, ал HDMI (OUT) ұясынан 2 арналы сызықтық PCM сигналдарын шығарады.

[HDMI]: Дыбысты тек HDMI (OUT) ұясынан шығарады. Дыбыс форматы жалғанған жабдыққа байланысты болады.

Ескертпе

- [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) параметрі [On] (Қосулы) күйіне орнатылған кезде (67-бет), [Audio Output] (Аудио шығысы) параметрі автоматты түрде [Speaker + HDMI] (Динамик+HDMI) күйіне орнатылады және оны өзгерту мүмкін емес.
- [Audio Output] (Аудио шығысы) параметрінің мәні [Speaker + HDMI] (Динамик+HDMI), ал [HDMI1 Audio Input Mode] (HDMI 1 аудио кіріс режимі) мәні (67-бет) [TV] (ТД) болғанда, аудио сигналдар HDMI (OUT) ұясынан шықпайды (тек еуропалық модельдерде).

■ [Sound Effect] (Дыбыс әсері)

Жүйенің дыбыс әсерлерін өшіруге немесе қосуға болады (SOUND FIELD параметрі (30-бет)).

2 арналы дыбыс көзінде көлемді дыбысты шығару үшін [Dolby Pro Logic], [DTS Neo:6 Cinema] (DTS Neo:6 Кинотеатр) немесе [DTS Neo:6 Music] (DTS Neo:6 Музыка) параметрлерін таңдауыңызға болады.

[Sound Field On] (Дыбыс өрісі қосулы): Дыбыс өрісінің көлемді дыбыс әсерін қосады (30-бет, 31-бет).

[Dolby Pro Logic]: Жүйелер 2 арналы көздерден көлемді дыбыс әсері болатын дыбысты барлық динамиктерден (5.1 арнасы) шығарады (Dolby Pro Logic кодтауы).

[DTS Neo:6 Cinema] (DTS Neo:6 Кинотеатр)/[DTS Neo:6 Music] (DTS Neo:6 Музыка): Жүйе көлемді дыбыстың 2 арналы көздерден шығуына жағдай жасайды бірнеше арнады дыбысты шығарады (DTS Neo:6 Кинотеатр/DTS Neo:6 Музыка режимінің кодтауы).

[2ch Stereo] (2 арналы стерео): Бұл жүйе дыбысты тек алдыңғы сол/оң жақ динамиктерден және сабвуферден шығарады.

Бірнеше арналы көлемді форматтар 2 арнаға азаяды.

[Off] (Өшірулі): Дыбыс әсерлері өшірілген. Сіз дыбысты жазылғанындай ести аласыз.

■ [Speaker Settings] (Динамик параметрлері)

Оңтайлы көлемді дыбыс әсеріне қол жеткізу үшін динамиктерді орнатыңыз. Мәліметтерді «Динамиктерді орнату» (51-бет) бөлімінен қараңыз.

■ [Auto Calibration] (Авто калибрлеу) (тек BDV-N9200W/BDV-N9200WL/BDV-N7200W/BDV-N7200WL)

Тиісті параметрлерді автоматты түрде калибрлей аласыз. Мәліметтерді «Сәйкес динамик параметрлерін автоматты түрде калибрлеу» (50-бет) бөлімінен қараңыз.

■ [BD/DVD Viewing Settings] (BD/DVD көру параметрлері)**■ [BD/DVD Menu Language] (BD/DVD мәзірінің тілі)**

BD-ROM немесе DVD ROM дискілері үшін әдепкі мәзір тілін таңдауға болады.

[Select Language Code] (Тіл кодын таңдау) тармағын таңдағанда, тіл кодын енгізетін дисплей пайда болады. Тілге арналған кодты «Тілдер кодының тізімі» (88-бет) бөлімін қарап енгізіңіз.

■ [Audio Language] (Аудио тілі)

BD-ROM немесе DVD VIDEO үшін әдепкі жолақ тілін таңдай аласыз. [Original] (Басапқы) таңдалғанда, дискіде тілге берілген басымдық белгіленеді.

[Select Language Code] (Тіл кодын таңдау) тармағын таңдағанда, тіл кодын енгізетін дисплей пайда болады. Тілге арналған кодты «Тілдер кодының тізімі» (88-бет) бөлімінен қарап енгізіңіз.

■ **[Subtitle Language] (Субтитр тілі)**
BD-ROM немесе DVD VIDEO үшін әдепкі субтитр тілін таңдай аласыз. [Select Language Code] (Тіл кодын таңдау) тармағын таңдағанда, тіл кодын енгізетін дисплей пайда болады. Тілге арналған кодты «Тілдер кодының тізімі» (88-бет) бөлімінен қарап енгізіңіз.

■ **[BD Hybrid Disc Playback Layer] (BD гибридрті диск ойнатқыш қабаты)**
[BD]: BD қабатын ойнатады.
[DVD/CD] (DVD/CD): DVD немесе CD қабатын ойнатады.

■ **[BD Internet Connection] (BD интернетке қосылу)**
[Allow] (Рұқсат ету): Әдетте осыны таңдаңыз.
[Do not allow] (Рұқсат етпеу): Интернетке қосылуға тыйым салады.

[Parental Control Settings] (Ата-аналық бақылау параметрлері)

■ **[Password] (Құпия сөз)**
Ата-аналық бақылау функциясына арналған құпия сөзді орнатыңыз немесе өзгертіңіз. Құпия сөз BD-ROM, DVD VIDEO дискісінен немесе Интернеттен бейне ойнату кезінде шектеу қоюға мүмкіндік береді. Қажет болса, BD-ROM және DVD VIDEO шектеу деңгейлерін ажыратуға болады.

■ **[Parental Control Area Code] (Ата-аналық бақылау аймағының коды)**
Кейбір BD-ROM немесе DVD VIDEO бейнелерінің ойнатылуына географиялық аумаққа байланысты шектеу қойылуы мүмкін. Көріністер бұғатталуы немесе басқа көріністермен ауыстырылуы мүмкін. Экрандағы нұсқауларды орындап, төрт таңбалы құпия сөзді енгізіңіз.

■ **[BD Parental Control] (BD ата-аналық бақылау құралы)/[DVD Parental Control] (DVD ата-аналық бақылау құралы)/[Internet Video Parental Control] (Интернет бейнесінің ата-аналық бақылау құралы)**
Ата-аналық бақылау функциясын қою арқылы көріністерді бұғаттауға немесе басқа көріністермен ауыстыруға болады. Экрандағы нұсқауларды орындап, төрт таңбалы құпия сөзді енгізіңіз.

■ **[Internet Video Unrated] (Бағаланбаған интернет бейнесі)**
[Allow] (Рұқсат ету): Бағаланбаған интернет бейнелерінің ойнатылуына рұқсат етеді.
[Block] (Тыйым салу): Бағаланбаған интернет бейнелерінің ойнатылуына тыйым салады.

[Music Settings] (Музыка параметрлері)

■ [Super Audio CD Playback Layer] (Super Audio CD ойнату қабаты)

[Super Audio CD]: Super Audio CD қабатын ойнатады.

[CD]: CD қабатын ойнатады.

■ [Super Audio CD Playback Channels] (Super Audio CD ойнату арналары)

[DSD 2ch] (DSD 2 арна): 2 арналы аумақты ойнатады.

[DSD Multi] (DSD көп арна): Көп арналы аумақты ойнатады.

[System Settings] (Жүйе параметрлері)

■ [OSD Language] (Экрандық мәзір тілі)

Жүйенің экрандық дисплейіне арналған қалаған тілді таңдауыңызға болады.

■ [Wireless Sound Connection] (Сымсыз дыбыс байланысы)

Сымсыз жүйе үшін кейінгі параметрлерді орнатуыңызға болады. Мәліметтерді «Сымсыз жүйенің қосымша параметрлері» (57-бет) бөлімінен қараңыз.

Сымсыз тасымалдау күйін де тексеруіңізге болады. Сымсыз тасымал мүмкіндігі істеп тұрғанда, [Status] (Күй) параметрінің оң жағында [OK] пайда болады.

■ [HDMI Settings] (HDMI параметрлері)

[Control for HDMI] (HDMI басқару құралы)

[On] (Қосулы): [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) функциясын қосады. HDMI кабелімен жалғанған жабдықтарды бірге басқара аласыз. [Off] (Өшірулі): Өшірулі.

[Audio Return Channel] (Аудио қайтару арнасы)

Бұл функция жүйені теледидардың аудио қайтару арнасы функциясымен үйлесімді HDMI IN ұясына қосқанда және [Control for HDMI] (HDMI басқару құралы) [On] (Қосулы) күйіне орнатылғанда қолжетімді.

[Auto] (Авто): Жүйе теледидардың сандық дыбыс сигналын HDMI кабелі арқылы жалғанған кезде автоматты түрде қабылдай алады. [Off] (Өшірулі): Өшірулі.

[HDMI1 Audio Input Mode]

(тек еуропалық модельдерде) HDMI (IN 1) ұясына жалғанған жабдықтың дыбыс кірісін таңдай аласыз.

[HDMI1]: HDMI (IN 1) ұясына жалғанған жабдықтың дыбысы - HDMI (IN 1) ұясынан келген кіріс.

[TV] (ТД): HDMI (IN 1) ұясына жалғанған жабдықтың дыбысы - TV (DIGITAL IN OPTICAL) ұясынан келген кіріс.

■ [NFC]

[On] (Қосулы): Осы жүйеде бір рет түртіп тыңдау және экранды көшіріп көрсету функциясын қолдану үшін NFC функциясын қосады (38-бет).

[Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ **[Quick Start Mode] (Жылдам қосылу режимі)**

[On] (Қосулы): Күту режиміндегі қосылу уақытын қысқартады.

Жүйені қосқаннан кейін онымен жұмыс істеуіңізге болады.

[Off] (Өшірулі): Өдепкі параметр.

■ **[Power Save Drive] (Қуат үнемдеу механизмі)**

[On] (Қосулы): Дыбыс көлемі төмен болғанда қуат тұтынуды азайтады.

[Off] (Өшірулі): Қалыпты күй. Жүйе дыбыс көлемін шығара алмайды.

■ **[Auto Standby] (Авто күту режимі)**

[On] (Қосулы): [Auto Standby] (Авто күту режимі) функциясын қосады. Жүйеде 20 минуттан астам уақытқа жұмыс істемесеңіз, ол автоматты түрде күту режиміне енеді.

[Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ **[Auto Display] (Авто дисплей)**

[On] (Қосулы): Көретін атауларын, кескін режимдерін, дыбыстық сигналдарды, т.б. ауыстырғанда ақпаратты экранға автоматты түрде шығарады.

[Off] (Өшірулі): Ақпаратты тек DISPLAY тармағын басқан кезде көрсетеді.

■ **[Screen Saver] (Экран сақтағыш)**

[On] (Қосулы): Экран сақтағыш функциясын қосады.

[Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ **[Software Update Notification] (Бағдарламалық құралды жаңарту туралы хабарландыру)**

[On] (Қосулы): Жүйені сізді бағдарламалық құралдың соңғы нұсқасы туралы ақпарат туралы хабардар ететін етіп қояды (61-бет).

[Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ **[Gracenote Settings] (Gracenote параметрлері)**

[Auto] (Авто): Диск ойнатыла бастағанда немесе тоқтағанда, диск туралы ақпаратты автоматты түрде жүктейді. Жүктеу үшін жүйе желіге қосылған болуы керек.

[Manual] (Қолмен): Диск ақпаратын [Video Search] (Бейне іздеу) немесе [Music Search] (Музыка іздеу)

тармақтары таңдалған кезде жүктейді.

■ **[Device Name] (Құрылғы атауы):**

«BT» немесе «SCR M» функциясы қосылып тұрғанда, тезірек табылуы үшін жүйенің атауын өзгертіп қоюға болады. Бұл атау DLNA, TV SideView сияқты желі қолданылатын басқа функцияларда да қолданылады. Экрандағы нұсқауларды орындап, бағдарламалық пернетақта арқылы атауды енгізіңіз.

■ **[System Information] (Жүйе туралы ақпарат)**

Жүйенің бағдарламалық жасақтамасының нұсқасы туралы ақпаратты және MAC мекенжайын көрсете аласыз.

■ **[Software License Information] (Бағдарламалық құрал лицензиясы туралы ақпарат)**

Бағдарламалық құралдың лицензиясы туралы ақпаратты көрсете аласыз.

[External Input Settings] (Сыртқы кіріс параметрлері)

■ [Input Skip Setting] (Кірісті өткізіп жіберу параметрі)

Өткізіп жіберу параметрі FUNCTION түймесімен функцияны таңдаған кезде пайдаланылмайтын кіріс көздерін өткізіп жіберуге мүмкіндік береді.

[Do not skip] (Өткізіп жібермеу):

Жүйе таңдалған функцияны өткізіп жібермейді.

[Skip] (Өткізіп жіберу): Жүйе таңдалған функцияны өткізіп жібереді.

■ [Bluetooth AUDIO - AAC] (Bluetooth АУДИО - AAC)

ACC дыбысын қосуыңызға және өшіруіңізге болады.

[On] (Қосулы): BLUETOOTH құрылғысы AAC пішіміне қолдау көрсетсе, ACC дыбысын қосыңыз.

[Off] (Өшірулі): SBC дыбысы.

Ескертпе

Егер ACC қосылған болса, жоғары сапалы дыбысты пайдалануға болады. Құрылғыңыздан ACC дыбысын ести алмасаңыз, [Off] (Өшірулі) тармағын таңдаңыз.

■ [Bluetooth Power Setting] (Bluetooth қуаты параметрі)

[On] (Қосулы): BLUETOOTH қуаты қосулы. Жұптасқан BLUETOOTH құрылғысын негізгі құрылғыға әрдайым қосуға болады.

[Off] (Өшірулі): BLUETOOTH қуаты «BT» функциясы таңдалып тұрғанда ғана қосылады.

Ескертпе

Кейбір бағдарламаларда [Bluetooth Power Setting] (Bluetooth қуаты параметрі) мәні [On] (Қосулы) болып тұрса да, BLUETOOTH құрылғысынан тікелей байланыс орнатылмауы мүмкін. Ондай жағдайда BLUETOOTH түймесін басыңыз.

[Network Settings] (Желілік параметрлер)

■ [Internet Settings] (Интернет параметрлері)

Жүйені алдымен желіге қосыңыз. Мәліметтерді «3-қадам: Желіге қосылуға дайындау» (25-бет) бөлімінен қараңыз.

[Wired Setup] (Сыммен орнату түрі): Кең жолақты маршрутизаторды LAN кабелімен жалғағанда, осыны таңдаңыз. Бұл параметрді таңдағанда, орнатылған сымсыз LAN автоматты түрде өшеді.

[Wireless Setup(built-in)] (Сымсыз орнату түрі (алдын ала орнатылған)): Сымсыз желіге қосылу үшін жүйедегі кірістірілген сымсыз LAN желісін пайдаланғанда, осыны таңдаңыз.

Кеңес

Қосымша мәліметтер алу үшін төмендегі веб-сайтқа кіріп, «Жиі қойылатын сұрақтар» бөлімін қараңыз:

Еуропа мен Ресейдегі тұтынушылар үшін: <http://support.sony-europe.com/>

Басқа елдердегі/аймақтардағы тұтынушылар үшін: <http://www.sony-asia.com/section/support>

■ [Network Connection Status] (Желілік байланыс күйі)

Ағымдағы желі байланысының күйін көрсетеді.

■ **[Network Connection Diagnostics]**
(Желілік байланыс
диагностикасы)

Желінің дұрыс байланысқанын тексеру үшін желі диагностикасын жүргізуіңізге болады.

■ **[Connection Server Settings]**
(Байланыс серверінің
параметрлері)

Қосылған DLNA серверді көрсету не көрсетпеу керектігін белгілейді.

■ **[Auto Renderer Access Permission]**
(Автоматты жеткізушіге кіру
рұқсаты)

[On] (Қосулы): Жаңадан табылған DLNA басқару құрылғысынан автоматты түрде кіруге рұқсат береді.
[Off] (Өшірулі): Өшірулі.

■ **[Renderer Access Control]**
(Жеткізушінің мүмкіндіктерін
басқару)

DLNA реттегіштерінен пәрмендерді қабылдау не қабылдамау керектігін белгілейді.


■ **[Registered Remote Devices]**
(Тіркелген қашықтан басқару
құрылғылары)

Тіркелген қашықтан басқару құрылғыларының тізімін көрсетеді.

■ **[Remote Start]**
(Қашықтан іске қосу)

[On] (Қосулы): Жүйе күту режимінде болғанда жүйені желі арқылы жалғанған құрылғымен қосуға мүмкіндік береді.

[Off] (Өшірулі): Жүйені желі арқылы жалғанған құрылғымен қосуға болмайды.

 **[Easy Network Settings]** (Оңай желілік параметрлер)

Неізігі желі параметрлерін реттеу үшін [Easy Network Settings] (Оңай желілік параметрлер) функциясын орындайды. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **[Resetting]**
(Қалпына келтіру)

■ **[Reset to Factory Default Settings]**
(Зауыттық әдепкі параметрлерді
қалпына келтіру)

Параметрлер тобын белгілеу арқылы жүйенің зауыттық әдепкі параметрлерін қалпына келтіре аласыз. Топтағы барлық параметрлер қалпына келтіріледі.

■ **[Initialise Personal Information]**
(Жеке ақпарат инициализациясы)

Жүйеге сақталған жеке ақпараттарыңызды өшіре аласыз.

Ескертпе

Бұл жүйені қоқысқа тастаған, басқа біреуге табыстаған немесе сатқан жағдайда, қауіпсіздік үшін жеке ақпаратты өшіріңіз. Желі қызметін қолданғаннан кейін, жүйеден шығу сияқты тиісті әрекеттерді орындаңыз.

Сақтық шаралар

Қауіпсіздік техникасы

- Қатты зат немесе сұйықтық құрылғының корпусына түсетін болса, жүйені ажыратып, кейінгі қолданыс алдында білікті қызметкерлерге тексертіңіз.
- Айнымалы ток сымын (электр сымы) сулы қолмен ұстамаңыз. Бұлай әрекеттен ток соғуы мүмкін.

Электр қуаты көздері бойынша

Жүйені ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, жүйені қабырғадағы розеткадан ажыратып қойыңыз. Айнымалы ток сымын (электр сымы) ажырату үшін сымнан емес, ашаның өзінен ұстаңыз.

Орналастыру барысында

- Жүйенің ішкі жағы қызбауы үшін жүйені жақсы желдетілетін жерге қойыңыз.
- Жұмыс барысында жүйе қызса да, бұл ақаулық болып табылмайды. Егер осы жүйені үлкен көлемде тұрақты пайдаланатын болсаңыз, құрылғы корпусының үстіңгі, бүйір және төменгі жақ температурасы айтарлықтай көтеріледі. Күюге жол бермеу үшін құрылғының корпусын ұстамаңыз.
- Жүйені желдету саңылауларын жауып қалатын жұмсақ бетке (кілемшелер, көрпелер, т.б.) қоймаңыз.
- Жүйені радиаторлар, желдеткіш арналар сияқты ыстық ауа арналарында немесе басқа тікелей күн сәулесі түсетін, шаңды, механикалық вибрация бар немесе соққы алатын жерге қоймаңыз.

- Жүйені тегіс емес жерге қоймаңыз. Ол тек көлденең жерде жұмыс істеуге арналған.
- Жүйені және дисктерді микротолқынды пештер немесе үлкен динамикалық сияқты қатты магнитті құрылғылардан алыс ұстаңыз.
- Жүйеге ауыр заттарды қоймаңыз.
- Алдыңғы тақтаның алдына металл заттар қоймаңыз. Ол радио толқындарды қабылдауды шектеуі мүмкін.
- Жүйені медициналық жабдық пайдаланылатын жерге орналастырмаңыз. Ол медициналық жабдықтың нашар жұмыс істеуіне себеп болуы мүмкін.
- Егер кардиостимулятор немесе басқа медициналық құрылғы пайдаланылса, сымсыз LAN функциясын пайдаланбастан бұрын дәрігеріңізбен немесе медициналық құрылғы өндірушісімен ақылдасаңыз.

Жұмыс кезінде

Егер жүйе суық жерден жылы жерге бірден әкелінсе немесе өте ылғал бөлмеге қойылса, негізгі құрылғының ішіндегі линзаларда ылғал пайда болуы мүмкін. Солай болған кезде жүйе дұрыс істемеуі мүмкін. Мұндай жағдайда дискіні шығарып, ылғал кепкенше жүйені бір жарым сағатқа сөндіріп қойыңыз.

Дыбыс деңгейін реттегенде

Дыбыс деңгейі өте төмен немесе дыбысы жоқ бөлімдерді тыңдағанда дыбыс деңгейін жоғарылатпаңыз. Егер жоғарылатсаңыз, ең жоғарғы деңгейін бірден ойнатқан кезде динамикалық зақымдалуы мүмкін.

Тазалаған кезде

Корпусты, тақтаны және басқару құралдарын жуғыш құрал ерітіндісімен аздап суланған жұмсақ матамен тазалаңыз. Ысқышты, тазалағыш ұнтақты немесе спирт не бензин сияқты ерітіндіні пайдаланбаңыз.

Дискілерді тазалағанда, диск/линза тазалағыштар

Тазалайтын дискілерді немесе диск/линза тазалағыштарды (оның ішінде дымқыл не спрей түрлерін) пайдаланбаңыз. Олар құрылғының дұрыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

Бөлшектерді ауыстырған кезде

Бұл жүйені жөндеген кезде ауыстырылған бөлшектерді қайта пайдалану немесе кәдеге жарату мақсатымен сақтап қояға болады.

ТД түсінде

Динамиктер әсерінен ТД экранындағы түстердің ретсіздігі орын алса, теледидарды өшіріп, 15-30 минуттан кейін қайта қосыңыз. Егер түстер тұрақсыздығы жойылмаса, динамиктерді ТД жинағынан алыс қойыңыз.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕ

